

# ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ

№149-150  
(4583)  
Сенбі  
16 желтоқсан  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



### ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫ!

Сіздерді 16 желтоқсан – еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтаймын!

Тәуелсіздік – халқымыздың ең басты құндылығы әрі ұлы мұрасы. Тәуелсіздік жылдары бірлігіміз бен татулығымыздың арқасында көп нәрсеге қол жеткіздік.

Президент атап өткендей, мемлекетіміздің әрі қарай да табысты дамуы – біздің алдымызда тұрған басты міндет, оны орындау үшін аянбай еңбек етуіміз керек, тек сонда ғана Қазақстан мықты мемлекетке айналады.

Мереке құтты болсын! Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және табыс тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



### НЕГЕ СОҒЫНАН ЖАРИЯЛАДЫҚ?

7-БЕТ |



### КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛБІРЕГЕНІ...

10-БЕТ |



### АЗАТТЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

11-БЕТ |



Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы 10 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

### МЕМЛЕКЕТ МЕНШІГІНЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

2022-2023 жылдар аралығында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасына сәйкес, Президент тапсырмаларын сапалы әрі уақытылы орындау мақсатында өкімімен құрылған арнайы мемлекеттік комиссияның жүргізген жұмысының нәтижесінде пайдаланылмай жатқан және заңнаманы бұза отырып берілген 10 млн гектар ауыл шаруашылығы жерлері мемлекет меншігіне қайтарылды. Сондай-ақ жайылымдық жер тапшылығы мәселесінің өзекті-

лігін ескере отырып, қайтарылған жерлерді тиісті елді мекендерге бекіту арқылы басым тәртіппен шаруалардың қажеттіліктері үшін берілуде.

Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауда Атапат партиясы жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының маңызды факторға айналды. Атап айтқанда, аталған комиссия қайтарылатын жерлерді қайта бөлуді бақылаумен айналысты.

Жерді халық арасында одан әрі әділ бөлу мәселелері ҚР Үкіметінің ерекше бақылауына алынған.

### ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНА ЖОЛДАМА

Футзалдан Қазақстан ұлттық командасы Нидерланды құрамасын ұтып, әлем чемпионатына жолдама алды.

Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт сарайында өткен шешуші матчты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көріп, қазақ футболшыларына қолдау білдірді.

УЕФА рейтингінде 1808 ұпаймен 15-орында тұрған Нидерланды құрамасына Біржан Оразов ойынның 1-минутында алғашқы гол соғып, Қазақстанды алға шығарса, 7-минутта Дуглас Джуниор есепті 2:0-ге жеткізді. Өте тартысты өткен ойында осы есеп өзгермеді. Жеңіс Қазақстан құрамасын әлем чемпионатының финалына шығарды. Әлем чемпионаты 2024 жылы Ташкентте өтеді.



### АЛАШ. ЖЕЛТОҚСАН. ТӘУЕЛСІЗДІК 6

БИЫЛ АЛАШҚА – 106 ЖЫЛ, ЖЕЛТОҚСАНҒА – 37 ЖЫЛ, ТӘУЕЛСІЗДІККЕ 32 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.





№149-150 (4583) 16/12/2023 Сенбі

**ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫМЕН  
ТАНЫСТЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың маңызды нысандарын аралауды, алдымен, №1 Индустриялық парктен бастады. Мұнда Мемлекет басшысына елорданың инвестициялық тартымдылығы жөнінде мәлімет берілді. Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың баяндауынша, алғашқы жартыжылдықта елорданың аймақтық жалпы өнімінің көлемі 4,7 триллион теңгені құраған. Өсім көрсеткіші – 4,1 пайыз. АЖӨ құрылымындағы үлестің басым бөлігі, яғни 73 пайыздан астамы шағын және орта бизнеске тиесілі. Ал инвестицияның үлесі – 11,5 пайыз.

Инвестиция тарту ісінде №1 Индустриялық парк айрықша рөл атқарады. Мұнда жалпы инвестиция сомасы 322 миллиард теңге болатын 100 жоба жүзеге асырылып жатыр. Парк өндіріс ауқымы жағынан республикада бірінші орын алады. Іске қосылған сәттен бері өндіріс алаңында 6,7 триллион теңгенің өнімі шығарылған.

Президент елорданың дамуына ірі өндіріс орындары аса қажет екенін айтты.

«Астана халқының саны өсіп келеді. Таяу жылдары 1,5-2 миллион адамға жетуі мүмкін. Сондықтан тұрғындарды, жастарды жұмыспен қамтамасыз етуіміз керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысына арнайы экономикалық аймақта орналасқан «Тау-Кен Алтын», «Stadler Kazakhstan», «DSS», «ЭНКО», «DUYQAZ», «ВМП Астана» және «MFA International» секілді жетекші кәсіпорындардың жетістіктері таныстырылды. Құрамында қымбат металдар бар шикізатты өңдеумен және аффинаждаумен айналысатын «Тау-Кен Алтын» зауыты – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорының басқаруындағы табысты кәсіпорындардың бірі. Зауыт іске қосылғалы бері 10 жыл ішінде Ұлттық банк үшін 200 тоннадан астам таза алтын өндіріп, 80,5 тонна қымбат металға толлинг қызметін көрсеткен.

Президентке таныстырылған тағы бір өндіріс орны – «Stadler Kazakhstan» ЖШС. Кәсіпорынның негізі биыл швейцариялық Stadler Rail AG холдингімен инвестициялық келісім нәтижесінде қаланды. Теміржол көлігін шығаратын әлемдегі көшбасшы компания Қазақстанда жолаушы вагондарының өндірісін жолға қоюды жоспарлап отыр. Ең алдымен, зауыт өнімі отандық жылжымалы құрамды жаңартуға бағытталады. «Жолаушылар тасымалы» АҚ үшін әртүрлі типтегі 500-ден аса вагон құрастырылмақ.

Индустриялық парктегі кәсіпорын өкілдерінің айтуынша, олардың шығаратын



# ЕЛОРДАДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кеше елордадағы маңызды нысандарды аралап, зауыттар мен мектептердің ұжымымен кездесті.

**60 МЛРД ТЕҢГЕ  
САЛЫНҒАН  
КӘСІПОРЫН**

Президент пластмасса бұйымдарын шығаратын «Бірыңғай шоғырландыру орталығы» ЖШС зауытына барды.

Астана қаласының №1 Индустриялық паркін аралап көру барысында Мемлекет басшысы «Бірыңғай шоғырландыру орталығы» ЖШС-тің жұмысымен танысты. 2018 жылы негізі қаланған компания резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіреді. Кәсіпорын жыл сайын 72 миллион бақылау-индикатор пломбалары мен өздігінен жабысатын лейблдер, сондай-ақ мал шаруашылығында қолданылатын 24 миллион дана сырға шығарады.

«Универсал» ЖШС компаниялар тобына кіретін «Бірыңғай шоғырландыру орталығы» полипропилен қаптарын шығаратын зауытты, сондай-ақ Қазақстанның өзге де өңірлерінде крахмал және крахмалдың қантқа айналып үлгермеген түрін өндіретін ірі өндіріс орнын басқарады. Қазіргі уақытта Түркістан облысының Шардара қаласында жүгері дәнін терең өңдеу жобасын жүзеге асыру жоспарланып отыр. Зауыттың қуаты жылына 150 мың тоннаны құрайды. Компаниялар тобы 80-нен астам өнім түрін шығарады. Мұнда 3400 адам жұмыс істейді. Салынған инвестиция көлемі – 60 миллиард теңге.

**ИМПОРТ АЛМАСТЫРУҒА  
НАЗАР АУДАРДЫ**

Мемлекет басшысы «Metal Former» зауытын аралап көрді. Президент жабындылар мен қаптама материалдарын шығаратын «Metal Former» ЖШС-тің өндіріс желісімен танысты. Ішкі нарыққа шығарылатын зауыт өнімі шетелден импортталатын алюминий профильдерді 15 пайызға дейін, ал шатыр жабындылары мен фиброцемент панельдер импорттын 40 пайызға дейін алмастыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысына өндіріс

цехы мен дайын өнімдер көрсетілді. Қасым-Жомарт Тоқаев импорттан келетін құрылыс материалдарын өзіміздің отандық өнімдер алмастыруы керек екеніне назар аударып, мұндай кәсіпорындарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ Президент зауыт жұмысшыларына табыс тіледі.

**КӨПСАЛАЛЫ  
КЕШЕНДІ КӨРДІ**

Мемлекет басшысы YDA Industrial Park біріккен өндіріс кешенінің жұмысымен танысты. Көпсалалы өндіріс кешенінің құрамына медицина және кеңсе жиһаздарын, медициналық жабдықтар, модульді құрылыстар мен металл конструкцияларын, терезелер мен витраждар шығаратын бес кәсіпорын кіреді.

Аталған бес кәсіпорын өзара тығыз байланысты, сол арқылы ортақ жобаны жүзеге асыруға бірлесе атсалысады. Бұл – кешеннің өзіндік ерекшелігі. Ал өндірілетін өнімдер импортты алмастырады. Тауарлардың құны да, сапасы да шетелдік баламаларынан кем түспейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның өндіріс цехтары мен өнім түрлері қойылған шоурумды аралап көрді. Жоба инвесторы, түркиялық YDA Group компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Хусейн Арсланның айтуынша, біріккен өндіріс алаңы жеке инвестиция (30%) мен қарыз қаражаты (70%) есебінен 2021-2022 жылдары іске қосылған. Жалпы құны 22 миллиард теңге болатын жоба аясында 300 адам жұмыспен қамтылған.

Мемлекет басшысына YDA Group өнімдерімен толық жабдықталған және компанияның қаржысына салынған «Harmony Steam School» мектебі таныстырылды. Балалар мұнда нақты ғылымдарға басымдық бере отырып, STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Math) технологиясы бойынша оқиды. Мектепті бітірген түлектер инженерлік мамандық алып шығады.

– STEAM – физика, математика сияқты техникалық пәндерге баса мән берілетін ерекше бағдарлама. Сапалы білімге қатысты барлық бастамаға оң көзбен қараймын. Біз сіздерді қолдаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы отандық өндірісті дамыту және ірі жобаларды іске асыру кезінде жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесін арттыру маңызды екенін атап өтті.

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ  
ТЕХНОЛОГИЯ  
ҚОЛДАНЫЛАДЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев MODEX Astana темірбетон конструкцияларын шығаратын зауытқа барды. MODEX Astana – BI Group холдингінің еншілес кәсіпорны. Компания 2020 жылдан бастап жұмыс істейді және онда 360 адам еңбек етеді. Жобаның құны – 16 миллиард теңге. Кәсіпорында индустриялық-модульдік құрылыстың инновациялық технологиялары қолданылады.

BI Group компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Айдан Рахымбаевтың айтуынша, модульдік үйдің құрылысы әртүрлі ғимарат салу уақытын едәуір қысқартуға, олардың өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл халықтың басым бөлігі үшін тұрғын үйдің қолжетімді болуына ықпал етеді. Аталған технологияны үйлердің, коттеждер мен тұрғын үй кешендерінің құрылысы



өнімдері ішкі нарықта да, одан тысқары жерлерде де сұранысқа ие.

Мәселен, «ВМП Астана» зауыты шығаратын коррозияға төзімді әрі өрттен қорғайтын лак-бояу жабындылары өнеркәсіптің түрлі секторында кеңінен қолданылады. Өнімнің

90 пайыздан астамы Ресейге экспортталады, сондай-ақ Өзбекстан мен Қырғызстан нарықтарына да шығарылады.

Елорданың құрылыс индустриясындағы жоғары сұраныс «ЭНКО» компаниясының жылуды және сумен қамтамасыз етуге арналған

құрылғыларға қызмет көрсететін өндіріс-сервис кешенін ашуына ықпал етті.

Түркиялық «MFA MASKE TICARET SANAYI A. Ş» компаниясымен бірлесе шығарылатын FFP1, FFP2 және FFP3 санындағы респираторлар да эпидемиялық қауіп күшейген кезеңде сұранысқа ие бұйымға айналды. Қазіргі таңда №1 Индустриялық парктің резиденті – «MFA International» компаниясы технологиялық өндірістік желілердің санын беске дейін арттырды. 2027 жылға дейін 10 өндіріс желісін іске қосуды жоспарлап отыр. Бұл компанияға жылына 20 миллион респираторға дейін өндіруге мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев «DUYQAZ» ЖШС шығаратын әскери киім, «Сuman Digital System Servis» ЖШС өндіретін телекоммуникация құрылғыларының үлгілерімен, сондай-ақ басқа да компаниялардың өнімдерімен танысты.







кезінде ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын салу барысында да қолдануға болады. Компания құрылған күннен бастап осы технология бойынша жалпы ауданы 200 мың шаршы метрден астам нысандар салды.

#### ОЗЫҚ ЕЛГЕ АЙНАЛУЫМЫЗ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы №96 мектеп-гимназияны аралап көрді. Президентке білім ошағындағы оқу-тәрбие жұмыстарының барысы таныстырылды. Бұл мектеп жемқорлардан тәркіленген қаржыға салынды. Биыл пайдалануға берілген гимназия елорданың сол жағалауындағы басқа мектептердің жүктемесін

азайтуға септігін тигізді. Қазір мұнда 1466 оқушы білім алады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа қоғамдық-гуманитарлық бағытта білім беретін мектеп-гимназияның оқу үдерісі туралы баяндалды. Оқушыларға ағылшын, француз тілдерімен қатар, қытай тілі де оқытылады. Мектеп директоры Сәуле Теменованың айтуынша, мұнда инклюзивті білім беруге баса назар аударылған. Бұл ретте әр оқушыға жеке оқу бағдарламасы әзірленген. Сондай-ақ инклюзивті қолдау, емдік дене шынықтыру және бейімделді даярлау кабинеттері бар.

Бүгінде мектеп-гимназияда арнаулы білім беруді қажет ететін 28 бала оқиды. Сонымен қатар мектепте

цирк, қыш өнері, балет үйірмелері жұмыс істейді. Мемлекет басшысы мектеп-гимназияның спорт залын, роботты техника кабинетін аралап көріп, оқушылармен әңгімелесті.

«Роботты техника – перспективті сала. Мен сіздерді қолдаймын. Қазір әлем жасанды интеллектіге баса мән беріп отыр. Оның ішінде Қазақстан да бар. Бұл – өте маңызды бағыт. Жасанды интеллект келешекте әрбір салада пайдаланылады. Сондықтан Қазақстан осы істе озық ел болуы керек деп ойлаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент №96 мектеп-гимназияның педагогикалық ұжымымен жүздесіп, мемлекет ұстаздар-

дың мәртебесін одан әрі көтеруді жалғастыра беретінін айтты. Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына елорданың білім беру жүйесі жайында баяндалды. Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев биыл 16 мың оқушыға арналған 12 мектепті пайдалануға беру жоспарланып отырғанын жеткізді. Бүгінге дейін 7 мектеп ашылған. Жыл соңына дейін тағы 5 жаңа мектеп іске қосылмақ. Сонымен қатар басқарма басшысы Президенттің Астана қаласында педагогикалық жоғары оқу орнын ашу жөніндегі тапсырмасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев мектеп ұжымын Тәуелсіздік күні мерекесімен құттықтады.

### Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Баршаңызды арманымыздың асқары, бақытымыздың бастауы болған ұлық мереке – Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгін – жерін найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған батыр бабаларымыздың сан ғасыр аттың үстінде жүріп аңсаған тәуелсіздік күні. Тәуелсіздік – шекарамызды шегендеп, ел еңсесінің биіктеуіне, егемендігімізге қолымыз жетіп, туымыздың тұғырына нық орнауына негіз болды. Қазақ мемлекетін ұлы болашаққа бастап, тіліміз бен дініміз, дәстүр-салтымыз бен әдет-ғұрпымыздың қайта жаңғырып, халқымыздың теңдігі мен тұрақтылығына жол ашты.

Халқымыздың береке-бірлігі артып, бір шаңырақ астында сан түрлі «Рухы бір – қандас, жүрегі бір – жандас» ұлт пен ұлыстың тыныштығы мен тұрақтылығын сақтап, ұлы достықтың ордасы, бейбітшілік пен татулықтың мекені болды. Тұтас халықтың татулығы мен ауызбіршілігін арттырып, ел іргесін бекемдеп, Отанымыздың айбынын асқақтатып, тұрақты дамуы мен кемелденуінің негізі болған, Қазақстан азаматтары үшін қадір тұтар басты байлығымыз – тәуелсіздігіміз мәңгі болып, мәңгілік елге бағыт алған сапарымыз сәтті, ел еңсесі биік, болашағы жарқын болсын!

Құрметпен, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан КАНАЛИМОВ

### Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Биыл егемен еліміз тәуелсіздігіміздің 32 жылдығын атап отыр. Егемендіктің алғашқы өтпелі кезеңіндегі барлық қиындықты ел болып еңсеріп, әлемдік қауымдастықтың толық мүшесіне айналдық. Мемлекетіміздің іргесін бекітіп, биіктерді бағындыру жолында Қазақстан Республикасының барлық азаматы бірдей сүбелі үлесін қосып келеді. Ұрпақ ауысар, әлем де өзгереді, ең бастысы, келешек ұрпаққа әлемдік державалармен терезесі тең тәуелсіз мемлекет қалдыру – біздің басты ұстанымымыз.

Тәуелсіздігімізді туғырып, егемендігімізді еңселі ету жолында бірлесіп, елдігімізді таныта түсейік. Ортақ Отанымыз – Қазақстан елінің Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Әр шаңыраққа бақ қонып, береке-бірлік орнасын!

Құрметпен, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зулфухар ҒАЙЫПОВ

## ЖАҢА ЕМХАНАҒА БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы жаңа емханаға барды. «City» емханасының жаңа филиалы Астананың қарқынды дамып келе жатқан ауданында орналасқан.

Бұл нысанда 30 мыңға дейін пациент тіркеле алады. Сондай-ақ мұнда халыққа алғашқы дәрігерлік көмектен бастап кешенді диагностика мен консультацияға дейінгі қызметтер көрсетіледі. Жобаның инвесторы, «Olymp Medical Group» ЖШС бас директоры Ерлан Сүлейменовтің айтуынша, бұл «City» – емханалар желісінің үшінші филиалы. Елорданың Нұра және Алматы аудандарында екі филиал жұмыс істеп жатыр. Тағы да үш нысан келесі жылы пайдалануға берілмек.

Емхананың тағы бір ерекшелігі онда маммологиялық

орталық ашылады. Науқастар мұнда кешенді диагностикадан өтіп, сүт безі ауруларынан емделе алады. Медициналық орталықта томосинтезі бар цифрлық маммография, дәстүрлі және вакуумдық аспирациялық биопсия әдістері, хирургке қатырлі ісіктерді алып тастау жолын көрсететін локализациялық инелер орнату сияқты диагностикалық технологиялар қолданылады.

Сонымен қатар емханада барлық қажетті құралдармен жабдықталған амбулаториялық хирургия орталығы ашылмақ. Астана қалалық Қоғамдық ден-

саулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, қазіргі уақытта елорданың сол жағалауында амбулаториялық көмек беру ісі кенжелеп қалған. Қосымша тағы 5 емхана ашу керек. Халық санының ұдайы өсіп келе жатқанын ескерсек, медициналық мекемелерге деген қажеттілік әлі де арта береді. Бұл мәселені шешуде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік белсенді қолданылады. Бес жыл ішінде Астана қаласының әкімдігі 3 мемлекеттік емхана салынады және 12 жеке емхана ашылады деп жоспарлап отыр.



## ХАЛЫҚ СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУЫ ҚАЖЕТ

Елорда нысандарын аралау барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ADD Table Tennis Center Astana үстел теннисі орталығының жұмысымен танысты.

Президентке аталған орталықтың Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) талаптарына толық сай келетіні жөнінде мәлімет берілді. Спорт нысанында республикалық және халықаралық турнирлер өткізуге, сондай-ақ еліміздің ұлттық құрамасының оқу-жаттығу жиындарын ұйымдастыруға болады.

Жалпы ауданы 3700 шаршы метрді құрайтын орталық

жарыс кезінде 16, ал жаттығу кезінде 26 теннис үстелін қоюға есептелген. Сонымен қатар мұнда 416 адамға арналған көрермендер трибунасы, жаттығу залы, медицина кабинеті, бапкерлер мен төрешілер бөлмесі бар.

«Әрбір облыс орталығында үстел теннисіне арналған залдар болуы керек. Халық спортпен шұғылдануы қажет» деді Президент.



№149-150 (4583) 16/12/2023 Сенбі

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВТҮРҒЫН АЛАПТАР  
ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

– Елорданың кезең-кезеңімен игерілетін аумағы 3,5 мың гектардан сәл асады. Әр елді мекеннің тұрғындарымен кездесудің қорытындысында іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылып жатыр. Ең алдымен, шешілуі тиіс мәселелерді біз 3 блогқа бөлдік. Бұл – жол-инженерлік инфрақұрылым, әлеуметтік нысандардың тапшылығын жою және абаттандыру мәселелері, – деді Нұрлан Нұркенов.

Оның айтуынша, егжей-тегжейлі жоспарлау жобасында осы елді мекендер аумағының 96 пайызы қамтылған. Бас жоспарға сәйкес, орта мерзімді және ұзақ мерзімді уақытқа тұрғын алаптарды дамыту жоспары әзірленді. Оған елді мекендерді газдандыру, инженерлік желлер мен жолдарды дамыту жұмыстары кірді. «Тельман», «Заречный», «Комсомольский», «Пригородный», «Ильинка», «Оңтүстік-шығыстың» оң және сол жағы сияқты елді мекендер қазіргі таңда қаланың шетінде емес, қаланың белсенді игеріліп жатқан аумақтарында орналасқан. Қалаға кіреберіс жолдарындағы «Интернациональный», «Күйгенжар», «Мичурино», «Көктал-1», «Көктал-2», «Ильинка», «Үркер», «Железнодорожный» тұрғын алаптары К2, К3 айналма жолдарының басты магистралдарын дамытуға сәйкес дамиды. Онда қоғамдық орталықтар, полиорталықтар, іскерлік орталықтар салынды. «Көктал-1», «Көктал-2», «Промышленный», «Өндіріс», «Ильинка» тұрғын алаптарында аз қабатты үйлерді салу жұмысы сақталып, абаттандыру, жол-инженерлік, әлеуметтік инфрақұрылым дамиды. «Өндіріс», «Казгородок» елді мекендері, Бас жоспарға сәйкес, өндірістік аймаққа жатады. Бұл тұрғын алаптар тіршілігін қамтамасыз ету жалғасады. Жалпы қаланың шеткі аймақтарын дамытуда, ең алдымен, сол аймақ тұрғындарына қажетті нысандарды салу, көлік хабын дамыту, қоғамдық кеңістіктер мен саябақтар құрылысын жүргізу ескерілген.

Қалалық мәслихат депутаты Талғат Ергалиев «Агрогородок» тұрғын алабын дамыту мәселесін көтерсе, оның әріптесі Бауыржан Смайылов саяжайлар жайын, ал Азамат Айтхожин «Күйгенжар», «Мичурино» және «Учхоз» елді мекендеріндегі қоғамдық көлік қатынасы мәселесін көтерді.

ЖАҢА АВТОБУСТАР  
ЖЕТКІЗІЛДІ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек өткен аптада барлық 6 автобус паркінің басшыларымен кездескенін айта келе, биыл қалаға 300 жаңа автобус жеткізілгенін атап өтті.

– Осы жыл аяқталғанша №1 автобус паркіне тағы 90 жаңа автобус жеткізіледі. Ал келесі жылы жаңа 200 автобусты

ЕЛДІ МЕКЕНДЕР ЕРТЕҢІ  
НЕМЕСЕ БЮДЖЕТТІҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАРЫ

Астана қаласында 16 тұрғын алап бар. Осы елді мекендерде 300 мыңнан астам адам тұрады. Бұл – елорда тұрғындарының төрттен бір бөлігі. Қала әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен өткен қалалық мәслихаттың кезекті сессиясында тұрғын алаптарды дамыту мәселесі талқыланды. Дамыту жоспарымен елорда әкімінің орынбасары Нұрлан Нұркенов таныстырды. Сондай-ақ жиында бас қаланың 2024-2026 жылдарға арналған бюджетінің жобасы қаралды.



жеткізуді жоспарлап отырмыз. Қаладағы автобустар ескірді. Бұл тарапта сындар айтылды. «Үркерге» жаңа «Yutong» автобустары жіберілді. Басқа да елді мекендер осындай жаңа автобустарды сұрап отыр. Бірақ барлық ескі автобусты жаңасына ауыстыру әзірге мүмкін емес. Мұны бірте-бірте ауыстырамыз. Нақты жоспар жасалды. Қажет болса, онымен таныстырамыз, – деді қала әкімі.

Жеңіс Қасымбек мәслихат депутаттарымен кездесіп, басқа тұрғын алаптарды дамыту бойынша алдағы 1-2 жылға арналған нақты жоспар әзірлеуді ұсынды.

– Елді мекендер тұрғындарымен кездескенде әрқайсысы әртүрлі мәселені көтереді. Кейбіреулер газдандыруды

сұраса, кейбіреулер жолдар құрылысын, басқалар өзге мәселені айтады. Сондықтан мәселе жетеді. Жаңа жылдан кейін кездесіп, бұл мәселелер бойынша ақылдасайық, – деді Жеңіс Қасымбек.

ҚАЙ САЛАҒА  
БАСЫМДЫҚ БЕРІЛДІ?

Алдағы жылдар бюджеті бойынша қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев баяндама жасады. Оның айтуынша, бюджет жобасы Астана қаласының бес жылдық кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес әзірленді. Сандарды сөйлеткен баяндамашы осы жылдың

млрд теңгеден астам аударды. Жергілікті бюджеттің үш жылдық шығысының жалпы көлемі 1 трлн 810 млрд теңгені құрамақ. Баяндамашы келесі жылдың бюджетінен аудандардың әкімдіктеріне, қала басқармалары мен департаменттерге қанша қаржы қарастырылғанына тоқталып өтті. Жалпы 2024 жылдың бюджеті жеке кірістер бойынша 702 млрд 456 млн теңгені құрайды.

Бюджет бойынша қорытындыны қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Кендебай Адамбеков жасады. Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов

гіздік. Алдын ала бізге жеткен мәлімет бойынша бұл ұсыныс қолдау тапты. Әрине, осыдан кейін жергілікті бюджетке салмақ түседі. Бірақ бұл – қажет жұмыс. Бұл мектептегі буллинг, суицидпен ғана байланысты емес, есірткіге, басқа да күрделі мәселелерге қатысты болып отыр. Өкінішке қарай, осындай жағдайлар бар. Интернеттің дамуымен тіпті өршіген сияқты. Полициямен тиісті алдын алу жұмысын жүргізіп жатырмыз, – деді Жеңіс Қасымбек.

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС  
ЖЕМІСІ

Қала басшысы бюджетті қалыптастыру бойынша қалалық мәслихат депутаттарына бірлескен жұмыс үшін ризашылығын білдіре келе, осы бюджетке Мемлекет басшысының тапсырмалары толығымен кіргенін атап өтті. Көп қаржы әлеуметтік әлжуаз топтарға жататын азаматтарды баспанамен қамтуға, ауруханалар мен емханалар салуға, үлескерлер мәселесін шешуге жұмсалатынын айтты.

– Үлескерлер мәселесін келесі жылдың I-II тоқсанында бітіреміз деп үміттеніп отырмыз. Қазір 400-дей пәтер қалды, – деген Жеңіс Қасымбек биылғы қыстан шығу, қаланы жылумен қамтамасыз ету жұмысына тоқталды.

Оның айтуынша, келесі жылы елордаға жылу беретін 2 нысан құрылысы аяқталмақ. Соның ішінде «Тұран» қазандығының екінші кезегін, «Тельман» қазандығының бірінші кезегін аяқтау жоспарланған. Қала басшысы Астананы электр қуатымен қамту, кәріз мәселелеріне қатысты жұмыстармен таныстырды. Биыл Бас жоспар қабылданғанын, көлік стратегиясы әзірленіп жатқанын атап өтті.

– Қала белсенді түрде өсіп, дамып жатыр. Әрине, бұдан проблемалар азымайды. Өмір болғаннан кейін, бір мәселені шешкен соң басқа міндеттер туындайды. Оларды бірлесіп шешуіміз керек. Биыл 3-ЖЭО-ның іске қосылып, 400 гигакалорияға жуық жылудың қосымша қалаға келгенінде, басқа да нысандардың қосылғанында қалалық мәслихаттың үлкен үлесі бар, – деп түйіндеді сөзін Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ жиында 2021-2025 жылдарға арналған Астана қаласын дамыту жоспарына

2024-2026 жылдарға арналған бюджет өткен жылдардағыдай әлеуметтік салаға бағдарланғанын атап өтті.

– Бюджеттік қаржының көбі әлеуметтік салаға жұмсалады. Мәселен, білім беру мен денсаулық сақтау салаларына ғана бюджеттің 32 пайызы бағытталады. Алдағы үш жылдың ішінде 83 мектеп саламыз. Бұл – үлкен қаражат. Соның жартысы республикалық бюджеттен, жартысы жергілікті бюджеттен бөлінеді. Бұған қоса, 2-3 жылда 60 балабақшаны салайын деп отырмыз. Оның жартысына да қаржы қала бюджетінен бөлінбек. Қаражаттың көбі осындай маңызды жұмыстарға кетіп жатыр, – деген қала әкімі Жеңіс Қасымбек қаланы көгалдандыру жұмысына да тоқталды.

Оның айтуынша, алдағы 3 жылға арналған бюджетте Президенттің тікелей тапсырмасымен бұл жұмысқа бөлінетін қаржы үш есе көбейді. Сол үшін «Астана көгалдандыру құрылысы» компаниясын күшейтіп, оған жаңа техника сатып алынбақ. Қала басшысы депутаттар көтерген аулаларды паспорттау да маңызды екенін атап өтті. Соның ішінде биыл бір ғана Алматы ауданында

алғашқы жартыжылдығында экономикалық жалпы өсім 104,1 пайызды құрады. Келешекте жалпы өңірлік өнімнің жыл сайынғы өсімі орта есеппен 5 пайызға дейін өсуі болжанып отыр. Осы жылдың басынан бастап экономикаға 4,7 пайыз өсіммен 1,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. 2024-2026 жылдары қосымша 4,5 трлн инвестиция тартылады деп күтілуде. Жақын арада 20 млрд теңгеге жуық сомаға индустриалды парк аумағында жаңа инвестиция жобаларын іске асыру жоспарланған.

– Елорда экономикасын дамытуда шешуші рөл шағын-орта бизнес субъектілеріне беріледі. Олардың өнім шығару көлемі биыл 6,9 пайызға артып, 2025 жылға қарай 12 триллион теңгеге жетеді, одан да асады деп болжанған. Еңбек нарығында жыл сайын 30 мыңға жуық тұрақты жұмыс орны құрылады. Бұл халықты жұмыспен қамтудың және жұмыссыздықтың төмен деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді Қайсар Маңқараев.

Оның сөзінше, экономиканың оң өсімі қала бюджетінің кіріс және шығыс бөлігін жоспарлауға негіз қалады. 2024 жылы 702,3 млрд теңге кіріс түсімі күтіледі. Оның негізгі үлесі – салықтар түсімі. Елорда республикалық бюджеттің доноры болғандықтан, келесі жылы 75



160-қа жуық аулада әртүрлі жөндеу жұмысы жүргізілгенін айтты. Балалар суицидіннің алдын алу бойынша жасалып жатқан жұмыстарға тоқталды. – Ішкі істер министрімен бірге елордада үлескерлік инспекторлардың санын 200 адамға көбейту бойынша ұсыныс е-

өзгеріс енгізілді. Елорданың қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары мен Астана агломерациясын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді. Күн тәртібіндегі басқа да мәселелер қаралды.





## ҮЗДІК УЧАСКЕЛІК ИНСПЕКТОР

Елорданың үздік учаскелік инспекторы анықталды. Аталған атаққа Асқар Папышев ие болды.



Биыл Асқар Папышев бірнеше бала мен әйел адамды үлкен қауіптен құтқарып қалды, инспектор олардың 9-қабаттан құлап кетуіне жол бермеді. Бұл – оның батыл қадамының бірі ғана.

– Учаскелік қызметкерлер қоғамдық тәртіпті күнделікті қамтамасыз етеді. Олардың жұмысының арқасында елордада құқық бұзу саны азайып, қала тұрғындарына көмек көрсетіледі. Олардың жұмысы күрделі, жауапты әрі маңызды. Олар мыңдаған адамды қауіптен құтқарып қалды. Асқар Папышев бірнеше жылдан бері учаскелік инспектор болып жұмыс істеп келеді. Бүгінге дейін өзін кәсіби маман, жауапты әрі бастамашыл қызметкер ретінде көрсете білді. Мемлекет басшысы жергілікті полиция қызметін реформалау аясында құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы негізгі буын болып саналатын учаскелік полиция инспекторларының рөлі зор екенін атап өтті. Қалалық Полиция департаментімен бірлесіп, материалдық-техникалық базаны, учаскелік пункттерді, қызметкерлердің еңбек жағдайын жақсарту, учаскелік инспекторлар санын көбейту, т. б. жұмыстарды жалғастырамыз, – деді елорда әкімі Жеңіс Қасымбек Астана қаласы Ішкі істер департаменті қызметкерлерімен кездескен сәтінде.

## КОНКУР ЧЕМПИОНДАРЫ

«Арғымақ» ат-сауықтыру кешенінде Тәуелсіздік күніне арналған конкурдан Қазақстан чемпионаты өтті.



Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен турнирдің ашылуына Астана қаласының Ұлттық және олимпиадалық ат спорты түрлері федерациясының президенті Ерлан Каналимов, Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев және «Арғымақ» ат-сауықтыру кешенінің директоры Аманжол Хасенов қатысты.

Қалалық спорт басқармасының басшысы жыл басынан бері Астанада

конкурдан бесінші рет турнир ұйымдастырылып жатқанын айтты.

Түрлі биіктіктегі 4 бағытта шеберлігін сынауға 50-ге жуық елордалық спортшы қатысты. Жалпы 90-ға жуық шабандоз қатысуға өтініш бергенмен, ауа райының бұзылуына байланысты елдің өзге өңірінен келе алмады.

Алдымен 100 сантиметр биіктікте сынға түскен әуесқойлар арасында Айдана Арыстанова дараланды. 100 сантиметрді бағындырған 12-14 жастағы шабандоздар арасында Адия Советхан 1-орын алды. 15-18 жастағы шабандоздар 110 сантиметрлі кедергіні бағындырды. Бұл сында Дайана Онава ерекшеленді. Ал 130 сантиметрді бағындырған ересектер арасында Әсет Толқұмбеков 1-орынға ие болды.



## ЖАҢА ЖЫЛДЫҚ ЖӘРМЕҢКЕ-ФЕСТИВАЛЬГЕ ШАҚЫРАДЫ

Кеше EXPO халықаралық көрме орталығында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Жаңа жыл Fest&Gastromania» жаңа жылдық жәрмеңке-фестивалі ашылды. 17 желтоқсанға дейін жалғасатын жәрмеңкені «QazExpoCongress» ҰК ұйымдастыруда.



Райхан РАХМЕТОВА

Жәрмеңке аясында EXPO ХКО қонақтарына мәдени-ойын-сауық бағдарлама ұсынылады. Атап айтқанда, DJ-дің орындауында жаңа жылдық музыкалық жинақ, кофе қайнату бойынша баристалар жарысы, жаңа жылдық фотоаймақ болады. Ал Санта Клаустың шеберханасына келушілер

жаңа жылдық ойыншықтар, сыйлықтар мен зімбір тәттілер жасаудан шеберлік сабағына қатыса алады, Аяз ата, Ақша қармен кездесу, шырша ны айнала билеу, тосынсылар мен ұтыс ойындары ұйымдастырылады. Келушілер қазақстандық азық-түлік өндірушілермен танысып, жаңа жылдық тәттілердің дәмін татады, үйді безендірумен және безендірудің ең үздік тәжірибелерімен танысады. Сондай-ақ

келушілер достарына, жақындарына кәдесыйлар мен сыйлықтар сатып ала алады. Іс-шара барысында қысқы киім-кешек сатылады. Осының барлығы мерекелік атмосфераны сезінуге мүмкіндік береді.

Іс-шараның негізгі бағыттарына жаңа жылдық безендіру, мерекелік декор, жаңа жылдық ойыншықтар мен сыйлық орамасы жатады. Гастрономия бағытында тәттілер, кондитерлік өнімдер, өңделген тағамдар, таңсық тағамдар, снэкер, кофеханалар, кафелер мен мейрамханалар болады. Сыйлықтар мен кәдесыйлар – тұрмыс техникалары мен тауарлар, сыйлық қораптары, косметика және денсаулыққа пайдалы өнімдер қойылады. Қолдан жасалған тауарлардан ойыншық, тоқыма, зергерлік, қолөнер бұйымдары ұсынылады.

Жәрмеңке-фестиваль – микро, шағын және орта бизнес өкілдерін, сондай-ақ қолдан жасалған бұйымдарды ұсынатын қолөнершілерді біріктіруге және қолдауға мүмкіндік беретін әлеуметтік жоба. Былтыр өткен алғашқы жаңа жылдық жәрмеңкеде 200-ден астам кәсіпорын, оның ішінде 100-ден астам қолөнерші жиналып, іс-шараға 26 мыңға жуық адам қатысқан еді. Биыл 200-ге жуық қатысушы мен 50 мыңдай адам келеді деп күтілуде.

Тәуелсіздік күні қарсаңында Астанада өрт сөндіру қызметінің өнерлі қызметкерлерінің арасында «Елім менің – Қазақстаным!» атты патриоттық әндер конкурсы өтті.

## ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕР БАЙҚАУЫ

11 адам қатысып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен байқауда I орынды №7 МӨСБ аға өрт сөндірушісі Мерей Үсенов, II орынды ақпараттандыру, цифрландыру және байланыс бөлімінің

аға байланыс шебері Айбат Тұрған, III орынды №13 ӨСБ кіші инспекторы Елжас Үсенбай иеленді. Барлық қатысушы алғыс хатпен марапатталып, бағалы сыйлық алды.



## ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда студент жастар мен елорданың жоғары оқу орындары арасында «Jastar jalyny-2023» жастар шығармашылығы фестивалінің жүлдегерлерін марапаттау рәсімі өтті.

Индира БЕРЖАНОВА

Фестиваль 4-13 желтоқсан аралығында өтті, үздіктер 10 номинация бойынша анықталды. Іс-шара қаланың Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен өтті. «Jastar jalyny-2023» фестивалі жастардың шығармашылық әлеуетін ашу, дарынды жастарды анықтау, дарынды балалар мен ұжымдардың шығармашылық дамуына қолдау көрсету және оларға жағдай жасау, рухани және мәдени әлеуетті дамыту, студенттерге эстетикалық және этикалық тәрбие беру жүйесін жетілдіру, белсенді азаматтық, әлеуметтік жауапкершілікті, патриотизм сезімін, адамгершілік құндылықтар мен көшбасшылық қасиеттерді арттыру мақсатында өткізілді.

– Жоғары оқу орны студенттері арасында «Жастар жалыны» десек, колледж студенттері арасында «Жаңа белес» деген шығармашылық байқаулар бар. Оны енді келесі жылы өткізуді жоспарлап отырмыз. Қалада 35 колледж шоғырланған. Оларды да қамтымыз. Өйткені талантты, талапты жастар өте көп, – деді қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров.

Фестивальдің конкурсы бағдарламасына елорданың 13 университеті қатысты. «Заманауи би» номинациясы бойынша «Turan-Astana» университетінің «Tau roske» би тобы, «Ұлттық би» номинациясында Қазақ ұлттық хореография академиясының студенттері Сәния Сәкенова және Милана Струсская, «Qazaq quiz» номинациясында «Turan-Astana» университетінің «Jastar ortalygy» құрамасы үздік деп танылды.

«Шахмат» номинациясында I орын Astana IT университетінің студенті Ибрагим Ғалымжанұлына беріліп, «Поэзия» номинациясында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенті Елдар Әмірхан, «Медиа» номинациясында «Turan-Astana» университетінің «Jastar tau» командасы, «Эстрада» номинациясында А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының студенті Медина Журтекина жеңімпаз атанды. «Сурет салу» номинациясы бойынша Астана халықаралық университетінің студенті Ангелина Демина, сол сияқты «Ұлттық аспаптар» номинациясында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Шабьт» ұлттық аспаптар ансамблі және «Театр» номинациясында С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Ақжелкен» театры I орын иеленді. Фестивальдің гран-при иегері ретінде С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті танылды.

Байқау жеңімпазы атанған жастар қаржылық сертификаттармен марапатталып, I орынға 100 мың теңге, II орынға 70 мың теңге, III орынға 50 мың теңге, ал гран-при иегеріне 500 мың теңге табысталды.







**Марат МУХАТОВ,**  
 Астана қаласы  
 Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы:

## БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ – ТІРЛІК БАР

– Ғасырлар бойы азаттықты аңсаған халқымыз осыдан 32 жыл бұрын сол арманына жетті. Жұбан Молдағалиев жырлаған «мың өліп, мың тірілген» қазақ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен егеменді еліміздің жарқын болашағына қадам басып барады. Президентіміздің сайлау алдында қойған міндеттерінің, өзі ұсынған реформалардың біртіндеп орындалып жатқанына куә болып келе жатырмыз. Экономикамыздың қарыштап дамуына мүмкіндік беретін инвестициялар жүйелі түрде енгізіліп, халқымыздың әл-ауқатын жақсартатын алғышарттар жасалуда, келесі жылдың ақпан айынан бастап еліміздің балдырғандарының есебіне ақша да салынбақ.

Кезінде есепсіз ұрланған қаржы елімізге қайтарылып, халықтың мұң-мұқтажына, мектептер мен ауруханаларды салуға жұмсалып жатыр. Яғни Президент ұсынған «Жаңа Қазақстан», «Әділетті Қазақстан» бағдарламасы іс жүзінде іске асуда. Әйтсе де қазіргі таңда елімізде әлі де шешімін табатын мәселелер баршылық. Оның барлығын бір күнде шеше салу мүмкін емес. Оған халқымыздың бірлігі өте қажет. Сондықтан «Бірлік бар жерде – тірлік бар» демекші, баршаңызды бірлікке шақырып, мемлекетімізді Мәңгілік ел қатарына жеткізуге атсалысайық!

Тәуелсіздіктен қымбат ештеңе жоқ. Тарихтың сарғайған арақтарын ақтарсақ, азаттық жолында ата-бабаларымыздың қаншама қаны төгілді. 1986 жылғы желтоқсанда намысқой жастарымыз алаңға шығып, егемендігімізді жақындатты. Тәуелсіздіктің арқасында Астанамыз салынды. Егемендігіміз баянды, Тәуелсіздік күні құтты болсын!



# АЛАШ. ЖЕЛТОҚСАН. ТӘУЕЛСІЗДІК

Биыл Алашқа – 106 жыл, Желтоқсанға – 37 жыл, Тәуелсіздікке 32 жыл толып отыр. Бұл ұштаған тұғырдағы үш ұлы ұғымды бір-бірінен бөлек алып қарастыра алмаймыз. Өйткені азаттықтың арнайлап атқан әр ақ таңы үшін, бостандықтың баянды болған әр күні үшін Алаш арыстары мен Желтоқсан қаһармандары асқақ рухының алдында мәңгілікке қарыздармыз!

### Төлен ТІЛЕУБАЙ

#### 1. АЛАШ МҰРАТЫ

«Біз тәуелсіз Қазақстанның тарихын Алаш Республикасының тарихынан бастауымыз керек» деген пікірді саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлы айтқан. Мен де осыны құптапаймын. Алаш арыстары тәуелсіздікті аңсап қана қойған жоқ, соның жолында күресіп, құрбан болды. «Не көрсем де Алаш үшін көргенім!» деп жанын шүберекке түйген Алаш қайраткерлерінің арман-мұраты десе елендемейтін қазақ жоқ. Себебі азаттықтың бастауында Алаш тұр. Ұлттың қызмет етеміні деген әр қазақ баласы Алаш мұратын жан жүрегімен түсініп, санасына сіңіріп өсуі тиіс. Ол үшін әуелі Алаштың тарихына терең бойлауы қажет. Мысалы, 12 желтоқсанға біз әлі күнге дейін жай күн деп қараймыз. 12 желтоқсан – Алашорда үкіметінің құрылған күні. Бұл – біздің ұлттық жадымыздан ешқашан өшпейтін күн. Себебі бір ғана 12 желтоқсанда азаттықты аңсаған Алаш арыстарының, тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақ елінің тұтас бір тарихы жатыр. Ендеше бұл күн тәуелсіз еліміздің тарихына алтын әріптермен жазылуы тиіс. Осыдан тура 106 жыл бұрын, 1917 жылы 12 желтоқсанда Орынборда өткен бүкіл қазақ-қырғыз құрылтайында уақытша Ұлттық кеңес түріндегі билік органы құрылып, оны «Алашорда» деп атау туралы қаулы қабылданды. Үкімет төрағалығына көпшілік дауыспен Әлихан Бөкейхан сайланды. Сол себептен осы күнді «Алаш күні» деп атауымыз керек.

Алаш дегенде Алаш республикасы, «Алаш» партиясы, Алаш автономиясы, Алаш қозғалысы, Алашорда үкіметі деген ұғымдар алдымыздан шығады. Бұл туралы алаштанушы-ғалым Болат Мүрсәлім «Алашорда» Telegram-арнасында былай деп жазады: «Алаш туралы сөз қозғалғанда, Алаш қозғалысы, «Алаш» партиясы, Алашорда үкіметі және Алаш автономиясы сияқты ұғымдар кездеседі.

Осы ұғымдар кейде орынсыз қолданылып жатады. Алаш қозғалысының тарихы 1905 жылғы Қарқаралы петициясынан басталды деп есептеледі. Себебі қазақ оқығандарының бір мүддеге ұйысып, ресми түрде Ресей патшасына ұлттық талап-тілекті жазғаны – осы кез. Әрине, ол кезде Әлихан, Ахмет өздерін «Алаш қозғалысы» деп атамаған. Бұл – кейінгі қоғамдық ғылыми орта берген ат. Қазақ зиялыларының газет шығаруы, әртүрлі оқиғаға қатысты бірлесе қызмет атқаруының бәрі Алаш қозғалысының ісіне жатады».

Ол сондай-ақ «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметіне қатысты да нақты, тарихи деректер береді. «Алаш» партиясы 1917 жылдың жазында, I жалпықазақ съезінен бері құрыла бастады. Өйткені Бүкілресейлік құрылтай жиналысына қазақ мүддесін қорғауға жеке партия қажет еді. Бірақ Уақытша үкімет құрылмайды бірнеше рет сырғытып, ақырында Ленин оны таратып жіберуге нұсқау берген соң, «Алаш» партиясының жұмысын жалғастыруға дәл сол мезеттерде аса қажеттілік болмай қалды. Бағдарламасының жобасы ғана жасалды, бірнеше облыста бөлімшесі ғана құрылды» дейді және Алашорда үкіметі туралы: «Алашорда үкіметі Алаш автономиясының ісін жүргізетін бірден-бір саяси құрылым болды. Алашорда 1917 жылдың 12 (25) желтоқсанынан қызметін бастап, 1920 жылдың наурыз айында ресми таратылғанға дейін, 2 жыл 3 ай саяси сахнада болды. Алаштың астанасы Семей болды, Жымпитыда батыс бөлімі құрылды. Әрине, Азамат соғысы жылдарында Алашорда қазіргі үкіметтер сияқты толық аппаратпен жұмыс істей алған жоқ. Осыны түсінуіміз керек» деп жазады зерттеуші.

12 желтоқсанды ұлттық жадымыздан өшпейтін күн деп атадық. Бұл – тәуелсіздік тарихымызда тасқа жазылған күн. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған қайраткерлер ұлттық мәселені ұлттық мемлекет құру арқылы ғана шешуге болатынын сөзімен ғана емес, ісімен дәлелдеді. Осыдан тура 1 ғасырдан астам уақыт бұрын Алашорда үкіметінің көшбасшылары мен

идеологтары қазақ халқының прогрессивтік бөлігінің қоғамдық санасына ренессанс әкелді. Өз Отанына шынайы, адал қызмет етудің керемет үлгісін көрсетіп, саяси, рухани, идеологиялық құндылықтар мен қағидаттар жүйесін еуропалық, әлемдік деңгейге көтерді. Олар қазақ қоғамындағы өзара айтыс-тартисты, дау-жанжалды жеңіп, бұрынғы қазақ билеушілері мен саясаткерлерінің деңгейінен идеялық және рухани жағынан дұрыс бағдарлап, қазақ халқының тәуелділіктен қалай құтқарудың жолын тапты. Сол жолмен өздері жүріп, туған ұлттың, елін қалай сүюдін, оның мүддесіне қалай қызмет етудің ғажайып үлгісін көрсетті.

Тоталитарлық билік Алаш мұраты мен идеясынан қатты қорқып, буржуазиялық-ұлтшылдыққа қарсы аяусыз күресеміз деген желеумен Алаш көшбасшыларының, басшыларының, белсенділерінің бәрінің көзін жойды. Алашорданың жергілікті жерлердегі жетекшілерін, жақтастарын жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты. Ол ол ма, кешегі кеңестік-сталиндік билік Алаш қайраткерлерін, мүшелерін үрім-бұтағымен құртып қана қоймай, Алаш рухын, идеясын, түп қазығын халықтың сана-сезімін түгелдей жойып жіберуге бар күш-жігерін жұмсады. Алайда Алашты қазақтың санасынан да, жүрегінен де өшіре алмады. Азаттық пен бостандық, әділдік пен тәуелсіздік үшін арпалысып өткен алаштықтардың рухы бізбен мәңгі екенін ұмытпайық!

#### 2. ЖЕЛТОҚСАН РУХЫ

16 желтоқсан – жер бетіндегі әр қазақтың кеудесін қуаныш кернейтін күн. Осыдан тура 37 жыл бұрын азаттық үшін қазақтың қаһарман қыз-жігіттері, нағыз патриоттары алаңға шығып, өз жерінде қорлыққа, кемсітушілікке қарсы тұрды. 16 желтоқсан – бар қазақтың жан жүрегі езіліп, қаралы күй кешетін күн. Ызғарлы Желтоқсанда қаншама боздақ жазықсыз жазаланып, тағдыры тәлкекке

түсті. Қаншама боздақ хабарсыз кетті. Сол желтоқсанда әр төгілген қан мен жұлынған әр шаштың сурауы бар.

Бір ғасыр бұрын тоталитарлық жүйе қазақтың санасынан өшіруге әрекет еткен Алаштың азаттық сүйгіш рухы өлмейтін. Арада 70 жыл уақыт өткенде, 1986 жылы сол рух қайта буырқанып, тарих сахнасына Желтоқсан қаһармандары шықты. Олар бостандық, демократия және тәуелсіздік жолындағы күресте 3 күн бойы нағыз батырлық, көзсіз ерлік, шынайы қаһармандық көрсетті. Әміршіл-әкімшіл орталықтың ұзаққа созылған, жаппай және жүйелі үстемдігіне, жергілікті халықтың ұлттық мүддесі мен құқығын шектеуге, өз Отанында ана тілінде сөйлеу құқығынан айыруға деген қарсылық жалынды жастарды алаңға шығарды. Алматыдағы Брежнев алаңындағыдай бейбіт шерулер еліміздің барлық облыс орталығында болғанын білеміз. Біз кейінірек Желтоқсанның ақиқатын оқып-білгенде, сол кезеңдегі ұлттық рухтың, мінездің және арманның өте жоғары болғанына таңданып қалдық.

Желтоқсанның қаһарлы күндерінің шынайы картинасын көз алдымызға елестету үшін бір ғана мысал келтірейік. Алаңға барғаны үшін 1,5 жылға сотталған Зиядин Алимұхамедұлы 1993 жылы 9 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотына жазған шағым хатында былай жазады: «В эти декабрьские дни и ночи 16, 17, 18, 19 числа я тоже был на площади, разделяя горе моего народа с 14-15 часов дня. И 18 декабря т. г. с утра на площадь выходили демонстранты в небольшом количестве, где-то более 1000 человек. Силы власти позакрывали входы и выходы площади техникой и живой силой, несмотря на то, что это мирные, безоружные люди заполняли площадь. К 13-00 часам дня начались столкновения мирных безоружных людей с вооруженными до зубов солдатами, милиции и дружинниками. Солдаты с собаками, с лопатами, милиционеры с дубинками, дружинники с железными прутьями, ломами безжалостно нападали на

безоружных людей, избивали, убивали, затапывая лежащих на земле тысячи покалеченных, окравленных, невинных ни в чем людей, молодежь, особенно слабых девушек, которых после мертвых тащили за волосы и довивали из до бессознания, и которых бросали в спецмашины, автобусы и открытые технику с отправкой их по неизвестным направлениям».

Желтоқсан қаһармандарының асқақ рухынан зәре-құтты қалмаған СОКП ОК саяси бюросы және КСРО ҰҚК басшылығы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басып-жаншу мақсатымен оған қылмыстық реңк беріп, жаппай қуғын-сүргінге ұшыратты. Бұл шындық қазір оқимын, білемін деген әр адамға ашық, жария болып, кітаптар мен архивтерде жатыр. Желтоқсанның ақиқаты осы өткен 37 жылда бірте-бірте айтылып, тіпті халықаралық деңгейде әділ бағасы да берілді. Ең бастысы, Желтоқсан-86 тәуелсіздік таңын жақындатты. Белгілі заңгер-саясаткер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Сабыр Қасымов айтқандай, «Желтоқсанның даңқы, рухы, саяси күші, желтоқсаншылардың көзсіз ерлігі болмаса, бізге сол кезеңде Парламентте «Тәуелсіздік туралы декларацияны» және «ҚР-ның тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңымызды қабылдау қиынға соғар еді».

#### 3. ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАҒЫМ

Айдай әлемде ананың алақанынан, күннің нұрынан және мәңгілік азаттықтан асқан бақыт жоқ! Осы бақытты қадірлеп, мәңгілікке қолымызда ұстап тұру үшін тәуелсіздіктің қадір-қасиетін ел болып терең ұғынуға тиіспіз. Ол үшін саналы, ізгі қарекет керек. Ең алдымен, ел Үкіметі Тәуелсіздік күнін атап өтудің үлгісін, жүйесін, жолын нақтылайтын арнайы бағдарлама я болмаса тұжырымдама дайындауы қажет. Тәуелсіздік күнінде қалалардағы ескерткішке барып, боздақтарымызды 1 минут үнсіздікпен еске алып, гүл шоқтарын қоюмен ғана шектелу – нағыз надандық. Ол – тәуелсіздік үшін күрескен, опат болған барлық батырларымыздың рухын қорлау.

Тәуелсіздік күні Алашты ардақтауды, Желтоқсан қаһармандарын ұлықтауды бірінші кезекке қоюымыз керек. Бұл күн санамызды отарсыздандыруға алып баратын тағлымды, өнегелі іс-шаралармен айықталса құба-құп. Ең алдымен, ел Үкіметі Желтоқсан-86 қаһармандарына ресми мәртебе беретін заң әзірлеп, оны ел Парламенті қабылдаса, бұл күн нағыз тағзым күні болар еді. Қайратпен бірге Желтоқсанның нағыз қаһармандары – Ербол Сыпатаевқа, Сәбира Мұхамеджановаға да «Халық қаһарманы» атағын берсек, олардың рухына ел болып бас иткенімізді білдірер еді.

Тәуелсіздік күнін атап өту қазақтың бағына туған Әлихан Бөкейхан алғашқы ұлттық үкімет құрған 12 желтоқсанның басталуы керек. Алаш мұратын, Алаш аманатын бүгінгі ұрпаққа жеткізетін деректі, көркем фильмдер сол күндері еліміздің барлық телеарнасынан, кинотеатрынан көрсетіліп, ұлт батырлары туралы өнегелі әңгіме, ұлттық насихат айтылса ғана Тәуелсіздік күнінің шынайы маңызы артады.

Тәуелсіздігіміз үшін азаттық жолында күрескен, құрбан болған баһадүр бабаларымыздың, 32-нің аштығы мен 37-нің зобалаңында қырылған айбынды аталарымыздың, ұлттық мемлекет құрамы деп қазағын жанынан артық сүйген Алаш арыстарының, бостандық пен бақыттың жолында қайтыс болған Желтоқсан боздақтарының бәріне қарыздармыз. Тәуелсіздігіміз мәңгілік болмай, арда қазағым!







# ЖҰМЫЛА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

Ел тарихына көз салсақ, қазақ жеріне жүйелі түрде орыс шаруаларын орналастыру XIX ғасырдың 70-жылдарында басталыпты. Олар елдің құнарлы жерін жайлады. Олардың жағдайын жасауға бағытталған бекіністер салынып, шағын қалалардың іргетасы қаланды. Одан бері түрлі жағдайға байланысты қазақ даласына немістер, корейлер, гректер, кавказдар тұтасымен отырған жерінен қуғындалып, қазақ құшағын паналады. Тың көтеру кезінде де сырттан келген өзге ұлт өкілдері саны басым түсіп, қазақтар өз жерінде азшылыққа айналды.

90-жылдары бұрындары Кеңес Одағының құрамында болған республикалар тәуелсіздігін алып, алдымен еңсесін тіктемей, бұрында кеткен кегін қайтаруға асыққан елдер де болды. Осындай сындарлы сәтте қазақтың кендігі тағы сынға түсіп, ірілігін көрсетті. Ешкімге «кет» деген жоқ, кеткендері қайта оралса, «неге келдің?» демеді. Қазақтың өзінің даласындай кеңдік пен мейірімі өзге ұлт өкілдерінің таңдауына әсер етті. Олар өздерінің және ұрпағының болашағын қазақ жұртымен, қазақ елімен бірге өніп, бірге өсемін дегендердің қатарын көбейтіп, елдің келешегіне сенімін нығайтты.

Бүгінде Қазақстан халқы ассамблеясы барлық этнос өкілдерінің, этникалық топтардың басын құрып, бір халыққа айналдыру мақсатында көп жұмыс атқаруда. Бәріміз бір халықтың өкілі ретінде бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқанымызды жақсы сезініп келеміз. Бұл сезім «кім болсаң да біз бір халықпыз, тарихымыз да бір, болашағымыз да бір» деген ұстанымды алға шығарды. Осы тұжырымды, көзқарасты жылдар бойында қалыптастырып келдік. Бұл да қоғам дамуындағы бір саты болатын. Әсіресе алғашқы жылдары бір жүйеден екіншісіне ауысқан кезде осы мәселеге басымдық берілмей, оның қажеттігін бірден сезініп, бірдей ойлауға мүмкін болмады. Жылдар өтіп, мемлекетіміздің мәртебесі асып, алға озған сайын үлкен елдің бір бөлшегі ретінде сезіну әркімге де жеңілдірек. Жылдар белесінде қазақтың кең жүрегінің шуағын көріп, жақсылығын көргендер өтіп кетті. Олардың ұрпақтарының да жасы ұлғайды. Енді сыйластыққа сызат түсірмей, бабаларымыздың адам сүю қағидатын жанымызға жалау етіп, бейбіт өмір сүрудің амалын ұстанып, осы бірлігімізді сақтау керек.



Бабаларымыз үлкен жүрегімен, аялы алақанымен жалпыадамзаттық құндылықтың дәнін сеуіп кетті. Өркендеп жайған бәйтеректің саясында жайқалған біздің қандай жұмыс атқарып, бағытымыздың көкжиегін ассамблея құрамындағы барлық құрылым бірлесе белгілеп, сол жолда еңбек етуде. Расында да, осы жылдары ассамблея өз қазанында қайнады деуге болады. Алғашқы күндерден бастап әрбір этномәдени орталықтар өзінің тілін, салт-дәстүрін, мәдениетін дәріптеп, өз ұлтының тарихын зерттеп білуден қойды. Бұл да этностар үшін аса қажет болатын, оған мемлекетіміз барлық мүмкіндікті жасады. Мемлекет құрушы қазақ халқы да этнос өкілдерінің қажеттілігін түсініп, қолынан да, жолынан да қаққан жоқ, түсінікпен қарады.



Қазақ халқына рақметінді тілін меңгерумен, осы жерге елге қызметіңмен көрсет деген ойды жастарға айтып, бағыттап отырмыз. Сол кезде бірлігімізді сақтай аламыз. Бір тілде сөйлеп, бір тілде ойлай алсақ, жүрегіміз де сол тілде соғады. Шынайы бірлік тірлігімізді шырайландырады

Ендігі жаңа кезеңде барлық этносты бір іске ұйытып, бір биікке жетелейтін, бірлігін баянды ететін, ортақ құндылықты дәріптейтін уақыт келді. Біз барша этнос өкілі бір шаңырақтың астында әрі қарай жасап, жаңаруға қажетті қазақ халқының ұлттық құндылықтарын таңдап отырмыз. Сонда ғана бірлігіміз баянды болады. Халқымыздың құндылығының құнарында өскен халыққа оны айтпаса да түсінікті. Қақаған қыста жер ауып келгендерге қалқа болған қазақтың қасиетін бәрі біледі, қазіргі жастар да естіп өсті. Енді сол құндылықтардың басында мемлекеттік тіліміз – қазақ тілі тұр. Осы бағытта қазіргі күнде ҚХА тарапынан үлкен жұмыс жүзеге асуда. Қатарынан бірнеше мәрте өткізілген «Ұлы даланың ұлтаралық тілі» форумы мемлекеттік тілдің жанашырларын қазақ тілін үйренуге қызығушылықты арттыруға арналған. Жасы келген азаматтарға қиындық көрсетіп, қысым жасамайық деп қажет жерінде орыс тілінде мәліметтер жеткізіп жатырмыз. Бірақ жастарымызға талап басқаша. Олардың арасынан мемлекеттік тілді жетік меңгергенін үлгі ретінде басқаларына көрсетіп жатырмыз. Негізі, тіл үйрену қиын емес. Өзім, мысалы, сегіз тілді меңгергенмін. Адам қаншама тіл білсе, соншалықты рухты, бай болады. Бөтен тілді игеру арқылы оның өткен тарихын, мәдениетін, әдебиетін оқисың. Сол арқылы өзің де кемелдене түсесің. Бүгінде кез келген тілді меңгеру үшін ешқандай қиындық жоқ. Ол үшін не болу керек? Жүректе махаббат болса, өзін елінің патриоты сезінсе жеткілікті. Патриоттық сезім қайдан келеді, қалай танимыз дегенде мемлекеттік тілді меңгергенін оның басты көрсеткіші дер едім. Тілін білгенге қазақ халқының құрметі асады, ризашылығы болады. Өйткені мемлекеттік тілді жоғары дәрежеге көтеру арқылы қазақ халқын сыйлап жатырсың, құрметің деп қабыл алады. Қазақ халқы сыйлағанды да сыйлауды біледі. Халықтың қанындағы, анасының сүтімен бітетін кеңпейілдік, сабырлылық, жанашырлық өзгенің қайғысын өзінікіндей көретін, қолындағысын

бөлісетінін талай мәрте дәлелдеді. Қазір ондай заман жоқ. Сонда да адамзатты өз биігінде ұлықтайтын құндылықтарымыз шегініп барады. Осы мәселелерде бір-біріне деген құрметті арттыру жолдарын іздестірген жөн. Қазақ халқына рақметінді тілін меңгерумен, осы жерге елге қызметіңмен көрсет деген ойды жастарға айтып, бағыттап отырмыз. Сол кезде бірлігімізді сақтай аламыз. Бір тілде сөйлеп, бір тілде ойлай алсақ, жүрегіміз де сол тілде соғады. Шынайы бірлік тірлігімізді шырайландырады. Әрине, әртүрлі пікір айтылады. Қазақ тілін үйрен деп тым қатты айтудың қажеті жоқ, өздері осы шешімге келеді деген пікір бар. Әрине, біз сабырлы халықпыз. Сайып келгенде, қазақ тілін білу – өзге этностардың өздері үшін, осы халықты жақсы түсініп, оның қасиетін ұғыну үшін, халықтың өткен тарихын зерттеп білу үшін алдымен өздеріне керек. Байырғы тұрғындардың тіл білмегені ендігі жерде үлкен сын. Қаншама шетелдік келіп, аз уақыттың ішінде қазақша сөйлеп жатыр. Елде барлық мүмкіндік, орта бар, одан қалды тегін тіл үйрену курсы жұмыс істеп тұрғанда бұл мәселе неге кейінге қалу керек деген сұрақ туындайды.

Мен ҚХА айналасында атқарылып жатқан істерге тоқталдым. Және тағы бір айтатын нәрсе, осы мәселені насихаттап, дәріптеп жүрген басқа да қоғамдық ұйымдарды көрмедік. Бұл жұмыс тек ҚХА жұмысы емес, әрбір азаматтың, әрбір қазақстандықтың жұмысы ғой. Сондықтан осыған әрбір азамат жанашырлықпен қарау керек. Біз болашақта да осы жерде, осы елде балаларымыздың бірлікте, татулықта, ынтымақта өмір сүруін қалаймыз ба? Ендеше бүгіннен бастаңыздар. Барлығымыз осы ниетте болсақ, отбасы мүшелері, көрші-қолаң мен айналадағы дос-жаран – барлық адамға осы ойды жеткізу жеңіл. Оның жемісі де болады. Олардың ойларының түбегейлі өзгеруіне атсалысуымыз керек. Бәріміз бір ниетпен біріккенде, бірлесе кіріскенде жақсы нәтижеге жетеміз.

Біздің қоғам да адамның біртұтас тәні сияқты. Оның бір жері ауырса, жабылып сол

жерді емдеу, кедергіні жоюға күш салуымыз керек.

Мейірім мен қайырым – бізге ата-бабаларымыздан қалған қасиет. Халықтың басына қандай да бір қиын іс түссе, сол қиындықты жеңілдетуге тырысамыз. Осындай бізді біріктіретін құндылықтардың айналасында ұйысатын болсақ, кем болмаймыз.

Қоғамда ассамблеяның қажеті не, керек емес деген пікірлер айтылып қалады. Әркім өз пікірін білдіруге құқылы, десек те барлық этномәдени бірлестіктің басын қосатын, жұмысын үйлестіретін қоғамдық ұйым ретінде ҚХА өз жұмысын дұрыс атқарып отыр. Ассамблеяның басты мақсаты – қоғамдық келісім мен бірлікті қалыптастыру және оны сақтау. Бізде үкіметтік емес ұйымдар, түрлі қоғамдық ұйымдар, әртүрлі бірлестіктер, қауымдастықтар, қорлар бар. Олар әртүрлі мақсатта құрылып, қолданыстағы заң шеңберінде қызметін жүргізеді. Осы ретте ел бірлігімен тікелей айналысатын басты ұйым ретінде неге жұмыс істемей кетеміз? Көбіне бұл пікірді ассамблея жұмысынан бейхабар, ұйымның қаншалықты маңызды екенін жете түсіне бермейтіндер айтады. Тағы бір ескеретін нәрсе, бұл ұйым жұмысын қоғамдық жұмыс ретінде ақысыз жүргізеді.

Меніңше, басқа да ұйымдардың ассамблея жұмысына, сонанмен қатар, барша қазақстандықтың сырттан бақылаушы емес, бірге жүріп белсене қызмет етуіне мүмкіндік беріп, қанатын кең жаюға ықпал еткен жөн болар. Негізіде, барлық этномәдени орталық жұмысына қатысып, келем деушілерге есік ашық. Түрлі жиынға, іс-шараға шақырып та жатамыз. Белсенділік танытып, жұмысымыздың басында бірге жүргенде көптеген кедергі өздігінен шешіледі деп ойлаймыз.

**Шерзод ПУЛАТОВ,**  
ҚР Президенті жанындағы  
Ұлттық құрылтай  
мүшесі, Қазақстан  
халқы ассамблеясы  
республикалық медиация  
кеңесінің төрағасы,  
Астана қаласы  
өзбек этномәдени  
орталығының төрағасы

## ОТАНШЫЛДЫҚ РУХ – ЕЛДІК КЕПІЛІ

**Раихан  
РАХМЕТОВА**

Профессор, желтоқсаншы Жангелді Шымшықов жиынды ашып, қатысушылар алдымен осы оқиға кезінде қаза болғандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Тіл маманы, қоғам қайраткері Болат Төлепбергелді «Желтоқсан-1986: ұлт тәуелсіздігінің басы, кеңес империясы зұлымдығының көрінісі» тақырыбында, Жангелді Шымшықов «Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің себептері мен салдары» тақырыбында баяндама жасады. Ал желтоқсаншы Құрманғазы Рахметов «Нағыз желтоқсан» қоғамдық қорының жұмысы жайлы айтып берді.

– Астана қаласы әкімдігі қаншама жылдан бері көтеріп жүрген мәселелерімізді бір уақытта шешіп, жылдық жоспар жасады. Яғни тек қараша мен желтоқсан айында ғана емес, жыл бойы жастарға тәрбиелік мәні бар іс-шаралар өткізуімізді қолдады. Сол үшін әкім орынбасары Есет Байкенге, Ішкі саясат басқармасының басшысы

Астана қалалық Ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Желтоқсан-1986: жастар патриотизмі – тәуелсіздік кепілі» атты дөңгелек үстел өтті. «Culture and Art Association» жеке кәсіпкерлігі ұйымдастырған іс-шараға желтоқсандық ардагерлер, мәслихат депутаттары, тарих мамандары мен студенттер қатысты.



Нұрдәулет Әлмұхановқа алғысымыз шексіз, – деді Құрманғазы Рахметов.

Оның айтуынша, қала әкімдігі «Нағыз желтоқсан» ҚҚ-мен бірлесіп іс-шараларды дайындау және өткізу жоспары бекітілген. Сол жоспарға сай, биыл желтоқсан айынан бастап, алдағы жылда да, Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың бастамашы топтарымен кездесулер өткізу, елорда аудандары әкімдіктерінен желтоқсаншыларды алғыс хатпен марапаттау мәселесін қарастыру, қаланың барлық білім беру ұйымында «Желтоқсан-1986: азаттық рухы және отаншылдық құндылығы» атты стендтер рәсімдеу, бірқатар желтоқсаншыға үй алып беру мәселесін шешу көзделіп отыр. Сондай-ақ Желтоқсан оқиғасына қатысушылар туралы деректі фильмдер түсіріп, медициналық тексеруден өту үшін емханалардың бірінде оларды бекіту мәселесі қарастырылады. Түрлі ресми мерекеде олармен кездесу өткізіп, дөңгелек үстелдер, басқа да маңызды іс-шаралар ұйымдастыру аталған жоспарда бекітілген.



# ИВАННЫҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

Осыдан жеті жылдай бұрын питерлік Иван Червинскийді біздің елде ешкім білмейтін. Қазақстан туралы оның да білгені аз болатын. Алайда қазақтың көкжиегінде жарқырап жанған жұлдыздарының жарығы Неваның жағасында жүрген Иванның жолын ашып, жұлдызын жаңаша жарқыратты.



Айгүл  
УАИС

Ертегіге ұқсас осы оқиғаның екінші бір кейіпкері бар. Ол – Димаш. Оқырманға түсінікті болу үшін 2017 жылға оралайық. Қытайдың «Гm a singer» жобасының қызған тұсы. Өнерпаздар додасында Димаш та бар. Иван өзінің немере ағасы Михаил Пойловпен бірге Димаштың бір әніне әртүрлі видеолар қосып, фильм жасап ғаламторға қосты. Ондағысы питерліктерге Димаштай әнші барын айтып, насихаттамақ ойы болатын. Бір қызығы, ертесіне Димаштың әні әлемді аралап кетті. Шекара асып, Латын Америкасынан жанкүйерлер легін тапты. Ізін суытпай тағы бірнеше ролик жасап тұрақты көргендер саны 500 миллионнан асқан кезде жаңа белестің биігі жақын қалғанын түсінді.

Иван айтады: «Дүние жүзіндегі шетелдіктердің Қазақстанның мәдениеті мен өнерпаздарына қаншалықты қызығушылық танытып отырғанын байқаған соң Латын Америкасы, Австралия, Индонезия, Португалия, Еуропа елдері және әртістері өнер көрсеткен онлайн-концерттер сериясын ұйымдастыруға шешім қабылдадық. Арасында қазақ әндері де шырқалды. Біздер күніне әртүрлі форматта сегіз роликке дейін шығаратынбыз. Бұл концерттер топтамасы «Алға, Димаш» деп аталды.

Осылай жүргенімізде белгілі бір себептермен ғаламтордағы біздің арналар жоғалып кетті. Үш арнамыздан айырылып, аңтарылып қалғанымызда қазақ достарымыз жақсы қолдау көрсетті. Қандай шығарылым жасасақ та, олар бізді ынталандырды, қолдады. «Достар, алаңдамаңыздар», «Алға, Петербург» деп жазды. Қазақ мәдениетінің адамдарды өз төңірегіне топтастыратын ғажайып қабілеті бар».

Одан кейінгі фильмдерде мен қазақстандықтардың феномені қандай деген сұраққа жауап табуға тырыстым. Мен қазақ халқының интеллектуалды әлеуетіне таң қаламын. Қарап отырсаңыз, бүгінде Америка президенті әкімшілігінде бір қазақ жұмыс істеп жүр, Илон Масктың жанында да қазақ бар, әлемдегі мықты диджей – Иманбек, әлемнің атақты әншісі – Димаш. Жалғастыра берсем, бұл тізім кете береді. Аяқ астынан жарқ етіп шыға келгенде бір құдіретімнен бүкіл әлемді мойындатып, өзіне қаратып алады. Математикадан, шахматтан жеңімпаз кім? Қазақ. Жақында Ұлыбританияда мектеп оқушылары арасындағы ағылшын тілінен өткен жарыстан қазақ оқушысы бірінші орынды жеңіп алыпты. Осыншама қоғамға ашық, жаңалықтарды тез меңгеретін интеллектуалды сана қалай біткен? Елде ау демейтіні жоқ, домбырашылардан бөлек, классикалық аспаптарда ойнайтын виртуоздар жеткілікті. Ел аралап қарапайым қазақпен аралассаңыз, ар жағында еш

құлығы жоқ, аңқылдаған ақ жүрегі көрініп тұрады.

Осы жасыма дейін бірнеше жыл Финляндияда, Кореяда, Түркияда тұрдым. Жан жылулығын халықтардың бір-біріне деген риясыз жанашырлығын осы жерде көрдім. Жасандылық жоқ. Қолында бар болса, аямайды. Жақында ақын Олжас Сүлейменовпен сұхбаттасудың сәті түсті, атақты әнші Бибігүл Төлегенова да кездесуге келісті. Осындай аңыз адамдардың назарына түскен мен кіммін деп кейде таң қаламын.

Осы жылулық мені қазақ жеріне алып келді. Отбасыммен бірге көшіп келіп, қызымды бірінші сыныпқа мектеп-лицейге бердім. Танымалым жеке мектепке беруге кеңес берген. Оған келіспедім. Қызым бір сыныптағы отыз баламен бірге жүрсін, бірге оқысын. Қазақ мектептерінде біліммен бірге тәрбие беріледі. Барша адамзатқа ортақ құндылықтарды да осы жерде үйренеді. Қазақ болып қалыптасады.

Алғаш рет қазақ шапанын сыйға тартқан достарымның көңілі үшін киіп жүрдім. Байқаймын, көшеде менен басқа ешкім шапан киіп жүрген жоқ. Бірді-екілі адамды кездестіріп қалсам, олар да қазақ емес. Сөйтсем, шапанды мұндай киюге емес, сыйлық үшін тартулайды екен. Оны кейіннен достарым айтты. Бірақ мен шапанымды шешпедім. Бұл тренд ұлттық шапан кию үлкен айналым алып келеді. Мәселе киімде ғана емес, оның күнделікті жұмысқа, жыл-

дың қай кезеңдерінде болсын иығыңнан тастамай киюде тұр. Жеке басымнан айтайын, маған өте қолайлы. Қазір мен үшін арнайы модельер тігіп береді. Қалтасы қай жағында болуы керек, ұзындығы қалай, тағы басқа өлшемін келісіп шешеміз. Бұл туралы бізде миллиондап қаралған бейнежазбалар бар» деп атап өтті Иван Червинский.

Иванның шығармашылық өмірбаянындағы елеулі кезеңі Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмысына қатысты фильм түсіргеннен кейін жаңа сипат алды. Және оның қоғамдық өмірі басталды деуге болады. Ол ҚХА-ның XXXII сессиясының қонағы болып, Мемлекет басшысының алғысын алды. Иван Қазақстанның әр өңірінде жиі болып, жастармен жиі кездесіп, өзінің басынан өткен ғажайып сәттердің қиындығы мен қуанышын бөлісіп, жастарға жігер береді. Өзінің көрсетілімдері миллионнан асып жығылатын бейнебаяндарында жас қазақстандықтардың жетістіктерін сүйіншілеп, спорт пен шығармашылық әлеміндегі жаңа есімдерді барша ғаламға танытып, көшеде менен басқа айтылуына бар күшін салып жүр.

Иванның қазақ тілін оқып жүргеніне көп бола қойған жоқ екен. Бірақ тұрақты түрде, күніне бір жарым сағаттан бөліп сабақты жібермеуге тырысады. Ауызекі сөйлесе алады. Жақсы түсінеді. Ал «қазақ тілін толық меңгеру үшін алдымен ниет керек» дегені біздің де көңілімізден шықты.



Ұлпан АРҒЫНБАЕВА,  
Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның 11-сынып оқушысы:

## ТӘУЕЛСІЗДІК – ТІРЕГІМ!

қол жеткізу жолында жанын қиып, қанын төккен ата-баба аманатын қастерлеуге міндеттіміз. Ата-бабалар әруағына мың тағзым!

Бүгін біз ата-баба арман еткен тәуелсіздікке қол жеткізген, алыс, жақын шет елдерде абыройы асқақ, дамушы елдердің қатарында келе жатқан, оңы мен солын ажыратар елге айналдық. Рәміздеріміз сайлаулы, көңіліміз жаздың жайма-шуақ күніндей, желтоқсанныңызғары жүрегімізді бір қарып өткенмен, сол жастардың арқасында тәуелсіздігіміз есік ашқаны көңілге қуаныш ұялатады. «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін көрген кезде мен шынымен өзімнің бақытты ұрпақ екенімді сездім. Біздің осындай бақытты да, алаңсыз күндеріміз үшін жасаған жанқияр ерліктерін бала жүрегімізмен түйсіндім. «Мен жастарға сенемін!» деген Мағжан ақынның сөзін жүрегімізмен сезіндім.

Еліміздің болашағы үшін жанын беріп, осы күнді бізге табыстап кеткен боздақтарды ардақтау, азаттықты бағалау, қастерлей білу – әрбір қазақстандық азаматтың парызы.

Сондықтан, тәуелсіздіктің ақ таңы

мәңгілік болу үшін әрбір адам өз ісінің маманы болып, білімге ұмтылып, еңбек-қорлықпен елге, жерге деген сүйіспеншілігін танытып, еліміздің ынтымақ, бірлігінің бұзылмауына атсалысуы тиіс.

Мен – жас тұлқын. Абайдың өлеңдерін жатқа оқимын, өзім де өлең жазамын. Республика, қала бойынша өткен оқушылар арасындағы олимпиадалардың, өнер байқауларының жүлдегерімін.

Қостанай облысы Арқалық қаласында дүниеге келген мен жасымнан оқуға, өлең жаттауға, мәтін айтуға қызықтым. 10 сыныптан бастап Астанадағы осы Абай мектебінде білім алып жүрмін. Болашақта қазақ тілі мен әдебиеті пәнін таңдап, филолог болғым келеді. Абайдың өлеңдерін жаттауыма педагог бауырларым әсер етті. Қазір мен Абайдың тағылымына толы 165 өлеңін жатқа айта аламын. Еліме ерекше еңбекқорлықым мен білімім арқылы, өнеріммен титтей, теңіздің тамшысындай болса да септігімді тигізіп, жақсы адам, жақсы маман болғым келеді, осылай әрекет етсек қана тәуелсіздігіміз тұғырлы, азаттығымыз айбынды бола бермек!

Зулфухар  
ҒАЙЫПОВ,  
Астана қаласы  
Қоғамдық  
кеңесінің төрағасы,  
ҚР Ұлттық  
Құрылтай мүшесі:



## ҚАСИЕТТІ ҚҰНДЫЛЫҚ

– Тәуелсіздік күнінің мәні де, мағынасы да әрбір қазақстандық үшін қастерлі. Өйткені тәуелсіздікке қол жеткізу бұл біздің ата-бабаларымыздың сан гасырлар бойы армандаған асыл арманы болатын. Біз бұл арманға 1991 жылы 16 желтоқсанда қол жеткіздік. Сол күні тәуелсіз Қазақстанның көзінде көк байрағы көтеріліп, аңұраны шырқалды.

Жаңа тарих жадында тәуелсіздік – алтын әріппен жазылатын біздің басты қастерлі құндылығымыз. Жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің құрылғанына 32 жыл болды. Тарих тұрғысынан алғанда, бұл қас-қағым сәт. Соған қарамастан қазақ елі әлемдік қауымдастықтың ортасында өз орнын ойып тұрып айқындап алды.

Кейде кейбір «Ұлтшыл патриот» азаматтарымыз «Егемендік бізге қан төгіссіз келді, сондықтан да біз оның қадір-қасиетін түсінбей жүрміз» деген пікір айтады. Бұл – мүлде қате пікір. Тәуелсіздікке қол жеткізуде біздің таңдаған жолымыз бейбіт саясат болды. Кезінде атақты Қазыбек би Жоңғардың қонтайшысына барғанда қазақ елін таныстыра тұрып, «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай тұрмыз» деген елміз, бірақ ешкімге соқтықпай тұрмыз» деген екен. Дәл осындай бейбіт саясатты егемендіктің алғашқы күнінен бастап, басты ұстанымға айналдырдық.

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап бейбіт және көпвекторлы саясат ұстанды. Тарих кейде қайталанатын. Абылайдың заманы бүгінгі тұста қайталанып, геосаяси жағдай шиеленісіп тұр. Батысымызда Ресей мен Еуропа елдері өзара теке-тіресте отыр. Шығысымызда алып Қытай мемлекеті тұр. Осы алыптар арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шебер саясат жүргізуінің арқасында, еліміз көршілермен бейбіт қарым-қатынас орнатып, еліміздің экономикалық әлеуетін арттырды.

Егемендіктің ең басты шарты шекараны шегелеп алу болса, біз оны деюре, дефакто толығымен шешіп алдық. Халықаралық қауымдастықтар алдында біз шекарамызды осылайша толығымен айқындадық. Бұл – жас егеменді елдің ең үлкен жетістігі.

Екіншіден, кеңес дәуірінен қалған Семей полигонын

жауып, ядролық қарудан бас тартып, әлемге өзімізді тағы да бейбіт саясат ұстанған мемлекет ретінде жарияладық.

Үшіншіден, егемендік гасырлар бойы армандаған асыл арманы болатын. Біз бұл арманға 1991 жылы 16 желтоқсанда қол жеткіздік. Сол күні тәуелсіз Қазақстанның көзінде көк байрағы көтеріліп, аңұраны шырқалды.

Жаңа тарих жадында тәуелсіздік – алтын әріппен жазылатын біздің басты қастерлі құндылығымыз. Жаңа тәуелсіз мемлекетіміздің құрылғанына 32 жыл болды. Тарих тұрғысынан алғанда, бұл қас-қағым сәт. Соған қарамастан қазақ елі әлемдік қауымдастықтың ортасында өз орнын ойып тұрып айқындап алды.

Кезінде атақты Қазыбек би Жоңғардың қонтайшысына барғанда қазақ елін таныстыра тұрып, «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай тұрмыз» деген екен. Дәл осындай бейбіт саясатты егемендіктің алғашқы күнінен бастап, басты ұстанымға айналдырдық.

Еліміз тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап бейбіт және көпвекторлы саясат ұстанды. Тарих кейде қайталанатын. Абылайдың заманы бүгінгі тұста қайталанып, геосаяси жағдай шиеленісіп тұр. Батысымызда Ресей мен Еуропа елдері өзара теке-тіресте отыр. Шығысымызда алып Қытай мемлекеті тұр. Осы алыптар арасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев шебер саясат жүргізуінің арқасында, еліміз көршілермен бейбіт қарым-қатынас орнатып, еліміздің экономикалық әлеуетін арттырды.

Егемендіктің ең басты шарты шекараны шегелеп алу болса, біз оны деюре, дефакто толығымен шешіп алдық. Халықаралық қауымдастықтар алдында біз шекарамызды осылайша толығымен айқындадық. Бұл – жас егеменді елдің ең үлкен жетістігі.

Екіншіден, кеңес дәуірінен қалған Семей полигонын





Мейрам БАЙҒАЗИН,  
Қазақстанның  
құрметті журналисі:

## ҰЛТ ТАҒДЫРЫНЫҢ ТАҢДАУЫ

– Бұл күн – ата-бабаларымыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Тәуелсіз Қазақ елі даңқының асқақтауы, халықаралық деңгейде абырой-беделінің жоғары бағалануы, ең алдымен, ішкі саяси тұрақтылығымыз бен қажырлы еңбегімізге, пайымды парасаттылығымызға және тындырымызды тірлігімізге байланысты.

Әрине, оған біздің отандастарымыздың бір адамдай үлес қосқанын ерекше атап өткен жөн. Бұл арада тәуелсіздік таңымен бірге дүниеге келген жастарымыздың заманауи өзгерістер мен жаңарудан қалыс қалмай, бәсекеге қабілетті бола білуі көңілге сенім орнатады. Мұны президент Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында ерекше атап өткен болатын. «Біздің көз алдымызда жаңа жаһандық өркеніет келе жатыр. Цифрлық қоғамның, экономика мен білімнің дәуірі келді. Көзді ашып-жұмғанда, пайда болған жаңалық бүкіл әлемді шарлап кетеді. Сол үшін біздің мемлекет уақыт алға тартып отырған тегеуріндерге жауап бере алуы керек. Қазіргі таңда мемлекеттер арасында ғана емес, адамдар арасында да бәсеке қыза түсті. Креативті буыны бар мемлекет жеңімпаз болып шыға алады» деген еді. Бүгін таңда түрлі байқаулар мен жасуалық жобаларды жүзеге асыруда жастар жарқырап көрінуде. Олар білім-ғылым, бизнес және басқа да салаларда ерекше көрінген, еңбегі арқылы еленген, үлгілі боларлық жастар арамызда аз емес. Барлығы да тәуелсіздіктің арқасында жоғары деңгейге жетіп отыр.

2019 жыл жастар жылы болып жарияланғанын білесіздер. Соған орай елімізде түрлі іс-шаралар өткізілді. Бұл жастардың алдында тұрған қадау-қадау міндеттерді атқаруына жол ашты. Әсіресе, бизнесте көшбасшы болу үшін инновациялық ойлау жүйесі мен заман талабына тез бейімделе білу қажет. Мемлекет қоғамда жасампаздық, бастамашылық, шығармашылық, еңбекқорлық рухын қалыптастыруға аса мән берді. Біздің жастарымыздың бойында қазіргі күнде осындай қасиеттер қалыптасты деп сеніммен айтуға болады. Атақты ақын Мағжан Жұмабаевтың сөзімен айтқанда, «Мен жастарға сенемін» деген қанатты сөзі тәуелсіз еліміздің қоғамында жүзеге асқанының куәсі болудамыз.

Мен өзім Тәуелсіздіктің басы-қасында болған журналистпін. 1991 жылы желтоқсанның 16-да ол кезде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаған соң Алматы тұрғындары жасы бар, кәрісі бар түгелдей Орталық алаңға жиналған болатын. Салтанатты жиында ашқан Республика басшысы Н.Назарбаев еліміздің тәуелсіздігін жария етті. Алғашқылардың бірі болып сөз алған депутат,

заң ғылымының докторы, профессор Салық Зиманов көкеміз жиналған жұртты бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікпен құттықтап, қазақтың қасиетті қара жеріне ие болуға шақырды. Біздің жерімізге көз тігіп отырған мемлекеттер аз емес, сол себепті жерімізді қорғай білейік деп үндеген еді және қазақ жерін қорғаудың жарқын үлгісін мемлекет қайраткері, ұлтымыздың мақтанышына айналған Жұмабек Тәшенев көрсетіп кеткен ерлігін еске салды.

Иә, тәуелсіздік тұтатқан рухтың оты лаулап сөнер емес. Тәуелсіздік құрметіне арналған мына әннің сөздері қашанда болсын көңіл күйімізді дөп басады.

Көк тудың желбірегені,  
Жаньма қуат береді.  
Таласқа түссе жан мен ту,  
Жан емес маған керезі –  
Көк тудың желбірегені!

Көк туымыз алғаш желбіреген жылдары жұмыссыздық, жоқшылық, кедейшілік келді-ау деп ашынған, абыржыған қазақтың көрмедік. Баршаның аңсағаны – тәуелсіздікті нығайту болды. Лауазымы қандай деп қалтасы қалың ба, жоқ па деп бас қатырған-дарды кездестірмедік. Бірақ бостандықтың тәтті дәмін татқан эйфория сезім кезеңі ұзаққа бармады. «Нарықтық экономика» дейтін тойымсыз жүйе құшағына құм ете түсті. Ақшаны әке, сауданы шеше деп, арды пайдаға, сананы тұрмысқа билеттік. Санамызға сіңген бодандық психология мен тоталитарлық арамызда аз емес. Барлығы да тәуелсіздіктің арқасында жоғары деңгейге жетіп отыр.

Саналы адамның басты арманы бостандық екені першенеден белгілі. Оған қалай жетуге болады? Бостандық бар және жету жолы да белгілі. Ол үшін тұрмысты санаға билет, яғни ар-ожданмен өмір сүрі! Тәңірінің пендесіне салған аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын. Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын. Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын.

Данағой Шәкәрім: Бостандық таңы атты, қазағым көріңдер,

Таң артынан хақиқат күн шығады,

Еріншек, жалқаулық әдептен безіңдер, – дейді. Еліміз дамуының дұрыс бағытын адаспай табу үшін, ерте ме, кеш пе, осы айтылған саналылық жолы таңдалуы керек. Қолдағы тәуелсіздікті баянды ету үшін – ұлттық идеология іргетасына сананы байыту көзделген рухани құндылықтар қаланы тиіс. Бұл қағидаттар – тәуелсіздік таңдауына сай келетін ұғымдар. Осы талаптарға сай болу, әр қазақтың парасатты парызы болмақ,



# КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ...

Тәуелсіздік күні десе, менің есіме атажұрттан алыс жүрген шақтарым түседі. Өйткені тәуелсіздік алған күннен бастап Қазақстан шетелдегі әр қазақтың жалғыз үмітіне айналды. Керек десеңіз, бала біздің өзіміз «шіркін, Қазақстанға қашан жетер екенбіз» деп қаншама күнді армандаумен өткіздік.

Қалиакбар  
УСЕМХАНҰЛЫ

Қытайда 1 қазанды мемлекет мерекесі ретінде тойлайды. Ол күні барлық мекеме, оқу орындары ту шығарады. Оған барлық қызметкерлер, оқушылар қатысуы міндетті. Өз басым, қаншама рет сол ту шығару салтанатына қатыссам да, шын жүректен беріліп, Қытайдың гимнін айтқан емеспін. Керісінше, «Қашан дәл осылай өз туымызды шығарып, қазақ тілінде әнұранымды шырқап тұрады екенбіз» деп іштей қиялдайтынмын. 2011 жылы Қазақстан тәуелсіздігіне орай Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы шетелден де қонақтар шақырды. Сол шақырылған қонақтардың арасында Қытайдан мен де келдім. Түске дейін «Мәңгілік ел» қақпасының ашылу салтанатына қатысып, түстен кейін Тәуелсіздік сарайындағы салтанатты жиналысқа бардық. Зал толы қонақтар орнынан тұрып, әнұран орындағанда, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын.

Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын. Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын. Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын. Әнұран аяқталғанша қолымды аялай алып, менің қандай көңіл күйде болғандықымды қазір сөзбен бейнелеп жеткізе алмаймын.

Сол жиналыстан мен екі ту алып қайттым. Жиналыс аяқталғанша әлдекім қолындағы туды жерге тастай салса керек, жұрттың аяғының астында қалған туды Ботакөз Уатқанқызы апайым аялай алып, қағып-сүртіп, «мынау саған естелік болсын бауырым, бұл жақтағылар кейде көк тудың қадірін білмейді ғой, тудың қасиетін түсінетін сенің төрінде

тұрсын осы ту» деп қолыма ұстатты. Үлкен ілтипатпен қабылдадым. Кеште үлкен үйге барып, жиналыстан екі ту алып қайтқанымды айтып мақтанып, анама көрсетіп едім, інімнің кішкентай қызы «мына тудың біреуін бізге берсеңіз бола ма?» деп қиялға соң, «ала ғой, айналайын» деп қолына ұстаттым. Қуанып кетті, кішкентай туды қолымнан алды да, бесіктің басына апарып шаншыды. «3-4 жастағы бала туға деген құрметті қайдан біледі» деп қайран қалдым...

2014 жылы жазда жеке сапармен тағы да Астанаға келдім. Бұл жолы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне өз мамандығым бойынша магистратураға емтихан тапсырдым. Шетел қазағы ретінде менің де қазақ тілінен емтихан тапсыруыма тура келді. 3 бөлімнен тұратын емтиханның бірінші бөлігі тыңдап-түсіну қабілетін байқау екен, уақытын өткізіп алмайын деп, көрім-ақ дайындалып отырғам, бірақ «мемлекеттік рәміздер» деп басталатын аудиожазба саң ете түскенде ойым бөлінді де кетті. Қытайда жоғары оқу орнына түсерде міндетті түрде қытай тілінен емтихан тапсырасыз, қытай тіліндегі сауаттың белгіленген көрсеткішке жетпесе, оқу орнына түсе алмайсың, үкімет орындарына жұмысқа да тұра алмайсың. Біз университетте оқып жүрген кезде қытай тілінен кемінде алтыншы деңгейге жету шарт етілді. Бүкіл ұйғыр, қазақ болып қытай тілінен емтихан тапсырдық. Сонда бір ұйғыр сабақтасымын бірнеше рет емтихан тапсырып, бәрінен көздеген мектеп жете алмай тарыққан шағында «Әй, Алла, біздің қашан мемлекетіміз болады, біз қашан қытай тілін үйреніп қиналғаннан құтыламыз? Бізге басқа ұлттардан дәл осылай ұйғыр тілінен емтихан алатын күн туа ма?» деп өкісінген еді. Қазақ тілі емтиханы басталғанда менің ойыма осы

оқиға түсті. «Қазақ елінде қазақ тілінен емтихан тапсырып отырғанымның өзі бір бақыт екен ғой» бір масаттанып, оқу тауысқаннан кейін көп ұзамай ұсталып, 10 жылға сотталып кеткен әлгі ұйғыр сабақтасымды ойлап, «ол бейшара не күйде екен?» деп ойымды жиғанша, тыңдау бөлімінің бірінші сұрағы әлдеқашан өтіп кетіпті. Бірақ оған сасқан да жоқпын, қалған сұрақтарын дұрыстап жазып, елден бұрын тапсырып, емтихан алаңынан шығып кеттім. Алайда қазақ тілінен ең жоғары балл жинасам да, әлеуметтану мамандығының жетекші оқытушысы бетпе-бет емтиханда «орысша білмейді екенсің» деп мені өткізбей тастады. Мен алғаш рет Қазақстанда да қазақ тілінің қақпай көретінін түсіндім. Бірақ орысша білмегеніме қорланып, намыстанған жоқпын. Бастысы, ең үлкен байлығым – қазақ тілім бар ғой.

Мен жұмыс істеген «Шыңжаң» газетінде Әбділдабек Тершин деген ақсақал болды. Сол газетте 40 жыл жұмыс істеп зейнетке шыққан. Бірде бас редактор сол кісі жайлы көлемді эссе жазуға бұйырды. Бардым, сұхбат алып болып енді жүйейін деп ыңғайланып едім, «балам, кідіре тұршы» деп бөлмесіне кіріп кетті де аздан соң шүберекке түйілген бір нәрсені алып, қайта оралды.

– Саған бір құпияны айтайын, менің туған жерім Жұңго (Қытайды ол жақта солай атайды) емес, Қазақстан. Ақсуатта туыппын. Қызылдардың қырғаны кезінде әке-шешеме еріп бері ассам керек. Ес білгелі сол туған жерімді бір көрсем деп армандаумен жүрдім. Қазақстан тәуелсіздік алғанда, «ол менің туған елім» деп ешкімге айта алмай, қуанышымды бөлісе алмай қатты қиналдым. Дегенмен, екі күн үйде жатып жалғыз тойладым. Туған жерге баруға, атажұртты аралауға осыдан оншақты жыл бұрын сәті түскен. Мынау сол сапарда Ақсуаттан

алып келген топырақ еді, – деп қолы қалтырап түюлі орамалды ашты. Кәдімгі қара топырақ. Қарт көзі жасаурап топыраққа телміре қарап тұрды да, басын еңкейтіп құшырлана иіскеді, одан соң басын шалқайтып көкірегің кере ауыр тыныс алды. Туған жерінің топырағын құлаққағыс иіскенде көкірек сарайы ашылып, алпыс екі тамыры иіп кеткендей күй кешкенін қасында отырған мен де сездім. Бірақ Әбекен құмары қанбай қалған адамша тамсанып аз тұрды да, топырақтан оң қолының үш саусағының ұшымен шымшып алып, сол жақ алақанына салды да, насыбай ататын адамша аузына салып, құрғақ топырақты қығынып жұта салды. «Мұныңыз не?» дейін деп ұмсына беріп едім, «айтпай-ақ қой» дегендей ишарат жасап, сөзді өзі бастады. «Токсанға таядық, өлмейтін сайтан емеспіз ғой, қазақша айтқанда, төрімнен көрім жуық балам. Саған айтайын дегенім, мен өлгенде осы топырақты астыма жаймалап шашып қойсын. Қаратаудың етегінде жатсам да, Ақсуаттың асыл топырағын иіскеп жатайын. Қанатқа тапсырып қойдым, бірақ ол атасы өлгенде жылап-сықтап жүріп ұмытып кете ме деп алаңдап, саған да құлаққағыс қылғаным, Қалиакбар балам. Есіңде жүрсінші, – деді. «Жарайды ата, бірақ 100 жасқа келгенше топырақты жеп қойып, біз Ақсуатқа шапқылап жүрмейік» деп қалжындап едім, ақсақал көзінен жас аққанша күлді. Біршама жылдан кейін Әбек өмірден озыды. Жаңаза алдында Қанаттан «топырақты алдың ба?» деп сұрап едім, «иә» деп басын изеді...

Осыдан бес жыл бұрын атажұртқа біржола көшіп келуге әзір мүмкіндік туды. Тамабында бәріне таң қалып, тасанып, қазақ пен қазақтың орысша сөйлесетініне ренжіп жүрсек те, қазір бәріне бойымыз үйренді. Бірақ көк туға деген махаббат баяғыдай. Өз елінің әнұранын жаңыңмен түсініп, сезініп тұрып айту да үлкен бақыт қой. Ең бастысы, аспан түстес сол көк туымыз төбемізден түспесін. Күллі қазақтың ең үлкен тілеуі – осы!



# АЗАТТЫҚҚА ҰМТЫЛЫС

Тәуелсіздікке жол ашқан, Желтоқсан оқиғасына қатысқандар аразында аз емес. Соның бірі – Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының актері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейрам ҚАЙСАНОВ. Мереке қарсаңында Мейрам Иебекұлына жолығып, сұхбаттасқан едік.

**– Мейрам Иебекұлы, сіз алаңға саналы түрде бардыңыз, ал онда барғандардың барлығы солай барды деп ойлайсыз ба?**

– 1986 жылы желтоқсанның 16-сы күні теледидарды қосқанымда, диктор Қазақстан компартиясы Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумы өткенін, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өз еркімен қызметтен кеткенін жеткізді. Мен ес білгелі үлкен қызметте жүрген, халқымыздың ең құрметті кісісі саналатын тұлғаның әп-сәтте жұмыстан алынуы қақ маңдайымнан бір қойғандай әсер етті. Әскерден келген кезім, 20 жастамын, саясаттан онша хабарым жоқ, бірақ жастай қалаға келіп, 19 мектебі бар Талдықорғандағы жалғыз қазақ тілінде оқытатын мектеп-интернатта оқыған соң ұлтқа, тілге деген жанашырлық бізге ана сүтімен бірге дарыған еді, мына оқиғаны үлкен алаңдаушылықпен қабылдадық. Ол кезде мен Алматы театр және кино институтында (қазіргі Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы) студент едім. Содан үлкен жігіттер бізге «Кеудесінде намысы барлар, ертең таңертең сағат 6-да шығындар, бәріміз жиналып, алаңға барайық» деді. Әрине, жас болған соң біреу ұйқысын қимайды, біреу «онда барып не істейміз, бізге кім құлақ асады?» деп, бұрын-соңды «митинг», «көтеріліс» дегенді көрмеген, естімеген олар түрлі пікір білдіріп жатты. Содан бөлмедегі жігіттер ойласып, таңертең ұйқыдан тұрған соң алаңға барайық, өз ойымызды айтайық деп шештік. Өзім алаңға саналы



түрде бардым. Таңертең сапқа тұрып, қолымызға ұран жазылған қағаздармен алаңға беттедік. Ол кезде Алматыдағы Брежнев есімінен аталған алаң біз секілді жастарға лық толды, адам көп болды.

**– Желтоқсан оқиғасы кезінде зиялы қауым алаңға шыққан жастарды, жалпы ұлт мүддесін сатып кетті деген пікірмен келіссіз бе?**

– Ол пікірмен келіспеймін. Ұлт зиялылары сол кезде халықпен бірге болды деп есептеймін. Әрине, бес саусақ бірдей емес, арасында ондай адамдар болған шығар, бірақ сыртқа шығара алмаса да, іштей жастарды жақтаған жандар болды деп ойлаймын.

**– Алаңға барғандар аяусыз жазаланды, жарасат алып немесе жұмыссыз қалып, оқудан шығарылды. «Сол кезде сол алаңға неге бардым екен?!» дегендей өкініш болды ма?**

– Мен сол желтоқсанның 17-сі күні әскерді алаңдағы жастарға қарсы қойған кезде алдыңғы шепте тұрған едім. Қазақ жігіттерінің қолында қарсылық жасайтын ешқандай құрал болмады. Соған қарамай, бетіне үлкен қалқан ұстаған, қолында резеңке сойылдары бар солдаттар сұрапыл соғыс кезіндегідей шабуылдады. Содан кейінгі көріністі айтудың өзі ауыр. Өйткені олар зұлым жауға тигендей әрекет жасады. Құлатқанын

құлатты, сұлатқанын сұлатты. Қатыгез әскердің темір тепкісін көріп, бірнеше рет есімен танып, зардап шеккен жанның бірімін. Олар қолға түскендерді қыз демей, жігіт демей, ұрып-соғып, сүйреледі. Есігі ашық машиналарға күштеп мінгізді, оған көнбегендерді тепкілеп, қанға бөктіріп, аяқ-қолынан ұстап, көтеріп кіргізді. Көлікке мал тиегендей етіп түрмеге апарып қамады. Онда барсақ, қолы сынған, көзі шыққан, денесінде сау-тамтығы жоқ адамдарда есеп болмады. Менен де халі мүшкіл жастар көп еді. 3 тәулік түрмеде отырдым, 6 айдай тергеуде жүрдім. Жылдар бойы сарсаңға түскен, қамалған, қуғындалған, сотталған адамдар аз болмады. Қазір енді «желтоқсаншымын» деп кеудесін соғатын «қаһармандар» көбейді ғой, бірақ қанша қиналсам да алаңға барғанымда, қазақ ұлтының болашағы үшін лайықты талап қойғанымда ешқашан өкінген емеспін. Ұлттық намысын ұрандатып шыққан қазақтың қыз-жігіттері ұлы ерлік жасады. Оларды жеңілді деуге болмайды. Қазақтың қандай ұлт екенін әлемге танытты. Мен тек түрмеге түссем, әке-шешемнің күні не болар екен деп қана уайымдадым.

**– Желтоқсан оқиғасына биыл 37 жыл болыпты, оған нақты баға берілді деп ойлайсыз ба, ашылмаған, айтылмаған тұсы бар ма? Желтоқсан оқиғасын зерттеуге кезінде комиссия құрылған болатын. Сол комиссияның жасаған қорытындысына көңіліңіз тола ма?**

– Менің ойымша, желтоқсан оқиғасына толық баға берілген жоқ, әлі ашылмаған, зерттейтін тұсы бар деп есептеймін. Әрине, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Мұхтар Шаханов бастаған комиссиясы біраз жұмыс істеді, бірақ осы оқиғадан толығымен баға берілді, шындықтың беті ашылды, толығымен әділдік орнады деп айта алмас едім.

**– Қалай ойлайсыз, Желтоқсан оқиғасы қазаққа сабақ болды ма?**

– Кез келген оқиға мейлі ол шағын болсын, көлемді болсын, сабақ болды деп ойлаймын. Ол елдің бұлығып жатқан санасын оятып. Ұлт-азаттық көтеріліс дегенде Амангелді Имановты ғана тарихтан естіген біз осы жолы еркіндік дегеннің не екенін Желтоқсан оқиғасы арқылы көріп-білдік. Бұл – халқымыздың тоталитарлық режимге, отарлау саясатына қарсылығы, азаттыққа деген ізгі ұмтылысы. 70 жылдай өмір сүрген тоталитарлық жүйе қанша жерден әрекеттенгенмен, адамдардың ой-пікір бостандығын біржолата тұншықтыра алмады. Кеңестік жүйенің ұлттар мен халықтардың мәдениетін, тарихын, ұлттық сана-сезімін тұншықтыруға бағытталған әрекетіне қарсы жаңа наразылық пен жаңа күш туып келе жатты. Бұл күш 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы кезінде айқын көрінді. Қаңтар оқиғасы да жемқор шенеуніктердің 30 жыл бойы елде қордаланған мәселелерді шешу жолындағы жастарды, адамдардың ұмтылысы деп қабылдағанымды айтқым келеді.

Сұхбаттасқан  
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



## ТӘУЕЛСІЗДІК

Желтоқсанда шаһит кешкен өмірден, Жан ағамның – жаназасыз көмілген, Жан апамның – жатырына тебілген;

Зар заманның – алағай да бұлағай, Запыран ойдың – ішіп өткен ұлы Абай, Зарығымның – ең ақырғы дұғадай;

Ойрат болып жерімізге ағылған, Ойран шақтың – іргемізден шабынған, Отарлаудың – Одақ атын жамылған;

Көзімізден бұл-бұл ұшып азат күн, Тірісінде ұлтым көрген тозақтың, Басқа халық естімеген азаптың, Аштан өлген миллион-миллион қазақтың;

Топырағыма (Тек өзіме қарастым!) – Туған жерге келімсекпен таластың, Қыршын кеткен арманының Алаштың;

Дінім көнген қорлықтың, Ділім көрген қорлықтың, Тілім төзген зорлықтың;

Тіксіндірген Кремльдей сарайды Тәшеновтің тағдырының талайғы – Төлеуі бұл тәуелсіздік арайлы!..

Әкелердің ерте ағарған шашының, Аналардың удай кермек жасының, Хан Кененің табылмаған басының – Өтеуі бұл тәуелсіздік асылым!

Батырболат АЙТБОЛАТУЛЫ

# ЖЕЛТОҚСАНШЫ ГҮЛБАРШЫН

Ғаламтордың Google мәліметтерді іздеу желісінде «Желтоқсан көтерілісі» деп терсеңіздер, «Уикипедия» ашық энциклопедиясынан бұл тарихи оқиға туралы деректер мен бірнеше сурет шыға келеді. Соның бірінде алдыңғы қатарда Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтының студенттері тұр. Арасында кейіпкеріміз, сол уақытта осы жоғары оқу орнының 2-курсінде оқыған, бүгінде Астана қаласының тұрғыны Гүлбаршын Шубаева да (суретте белгіленген) бар. Намысқой жастарды желтоқсанның ызғарлы желі тоңдырған сол күндері ол курстас-группаластарымен бірге алаңға шығып, КСРО үкіметінің шешіміне қарсылық білдірді.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

– Таңертең әдеттегіше ұйқымыздан ояндық. Сол күні сабақтан кейін «Медеуге» барамыз деп жоспарлап қойғанбыз. Радиодан Дінмұхамед Қонаевтың орнына Колбиннің тағайындалғанын хабарлады. Сол кезде бір бөлмедегі қыздар бәріміз бір кісідей «Қазақстанды басқаратын бір қазақ табылмағаны ма? Бұл қалай?» деп ойланап қалдық. Сосын сабақта кеттік. Бірақ сабақта да осы ой басымыздан шықпады. Басқа жастардың да бұл туралы сыбырласып жүргенін байқадық. Екі сабақтан кейін бәрімізді жатақханаларына қайтындар деп босатты. Ал біздің жатақханамыз Брежнев алаңына жақын еді. Біз тікелей алаңға тарттық. Жолда әйгілі әнші Бибігүл Төлегенованы жолықтырдық. Ол кісі алаңнан қайтып келе жатыр екен. Барсақ, құрақұрым халық жи-

налған. Бір кезде жастарға күш қолдана бастады. Үстімізге су шашты. Басқа да сұмпайы әрекеттер кезінде жатақханамамызға қашып, тығылып үлгердік. Бізде шетелдік азаматтар көп оқитын. Сол себептен жатақханамамызды қатан бақылауға алды, – дейді Гүлбаршын Кенбайқызы.

Оның айтуынша, Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Марат Меңдібаев алаңға шығып сөйледі. Жастардың талаптарының бірі Дінмұхамед Қонаевтың өзінің сөзін мінберден есту болды. Ол не десе де, соның уәжіне ғана тоқтаймыз деген жастардың бұл талабы қанағаттандырылмады.

«Мінберге шығып сөйлегендердің ешқайсысы жастарға дұрыс жауап бере алмады. Тек қана «Тарқандар, ұят болады» деген сөздер көп айтылды. Көтеріліске шыққан жастардың арасында орыс тілді қазақтар да болды.



Соның бірінің орысша «Мен оқыған Петропавл қаласында бірде-бір қазақ мектебі жоқ. Осының салдарынан өз ана тілімді білмеймін, соған ұяламын. Мен де Қазақстанды қазақтың басқарғанын қалаймын» дегенін естідім. Бізді көтеріліске шығындар деп ешкім қинап, қыстаған жоқ. Сол оқиға бойымыздағы ұлттық намысты оятты» дейді кейіпкеріміз.

Кейіннен қарап отырса, курстас-группаластарымен бірге сол күндері бейнекамерға, фотоларға түсіп қалған екен. Бұл кадрлар Желтоқсан көтерілісі туралы деректі фильмдерде, басылымдарда, ғаламторда, әлеуметтік желілерде пайдаланып жүр. Соған



қарамастан, алаңға шыққаны үшін еш жазаланбады.

«Институт басшылығының жақсылығы шығар. Оларға «үш әріп» қызметкерлерінің суреттерді әкеліп көрсетеуі мүмкін емес. Бірақ бізді басшылығымыз көрсетпеді. Оқуымызды ойдағыдай аяқтадық. Деканамыз Ермек Жұмабеков деген азамат еді. Бұл кісі бізді қолдады» дейді Гүлбаршын Шубаева.

Әкесі Кенбай партия қызметкері еді. Бірақ ол қызы көтеріліске қатысқанын естігенде сөккен жоқ, риза болып «өзіме тартқан жаужүрегім» деп мақтады. Гүлбаршын Кенбайқызы сол студент шағында тұрмысқа шығып, ана атанды.

Жиырма жыл бұрын Астана қаласына көшіп келді. Қазір жеке кәсіпкер ретінде еліміз бен елордамыздың өркендеуі жолында еңбектеніп жатыр. Бізбен әңгімесінде сол күндері алаңда бірге болған Әлібек Аманжолов, Бүркіт Қозыбеков, Дәулет Қонақбаев, Дәулет Дараузов, Жанна Апушева, Тұрлыбек Донбаев, Владимир Невесенко, Жолдас Аитов, Самат Жалмағамбетов, Ақмарал Биғоиева, Нұрғаным Өтешова, Қуан Ниязбеков, Мейіржан Молдабаев деген группаластарын атап өтуді де өтінді. Бұл тәуелсіздікті жақындатқан сол уақыттағы жастар болғаннан кейін өтінішін қанағаттандырмай тұра алмадық.



№149-150 (4583) 16/12/2023 Сенбі

– Жақында елорда мәслихатында филармонияның кересі кеңейіп, шығармашылық ұжымдар үшін дайындық және камералық зал болатын ғимарат берілгені туралы айтылды. Сөзіңізді осы жағымды жаңалықтан бастасаңыз...

– Иә, ол рас. Қаламызда кеңестік кезеңде «Октябрь» кинотеатры болған. Осы кинотеатр кезінде жекеменшікке өтіп кеткен болатын. Сол тарихи ғимарат мемлекет меншігіне қайтарылып отыр, яғни ескі жәдігер енді қайтадан өнер ордасы ретінде қызмет атқарады. Музыка сүйер жандар үшін мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залы осы ғимаратта есігін айқара ашты. Жалпы филармония құрамында 660-ға жуық қызметкер, 13 шығармашылық ұжым жұмыс істейді, атап айтқанда, олар – Қазақ оркестрі, симфониялық оркестр, үрлемелі оркестр, ішекті квартет, камералық хор, «Сарыарқа» фольклорлық ансамблі, «Шалқыма» халық би ансамблі, «Қорқыт» этно-ансамблі, классикалық және эстрадалық вокал бөлімдері, халық әні бөлімі, «АЛЕМ» заманауи би балеті, «Конгресс-холл» атауымен таңылған филармония ғимараты негізінен, концерттік ұйым болып саналады, ал осыншама көп ұжымға дайындық жүргізетін және қосымша камералық залдар жеткіліксіз еді. Жаңадан берілген ғимарат залына 100-ге жуық адам сияды. Сондықтан оны симфониялық оркестр, қазақ оркестрі және үрлемелі оркестр мен камералық хор ұжымдарының дайындық базасы, камералық және классикалық концерттер мен іс-шараларын өткізуге арналған камералық зал ретінде пайдаланамыз.

– Елорда мәдениеті мен өнерін таңытудағы жетекші ұжымның Астананың 25 жылдық мерейтойы аясында атқарған жұмыстары ауқымды болғаны сөзсіз. Жылды қалай қорығындылап отырсыздар?

– Биыл 11 айда филармония ұжымдары мен әртістерінің қатысуымен 330-дан аса іс-шара өткізілді, соны тамашалауға келген көрермендер саны 480 мыңнан асты. Оның ішінде тек елорда, тіпті ел көлемінде ғана емес, шетелдерге де гастрольдік сапарларға шыққанымызды айта кеткім келеді. Атап айтқанда,

## АСТАНА МӘДЕНИЕТІНІҢ БАСТЫ ОРДАСЫ



Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония – елорданың маңдайалды өнер ұжымы. Мемлекет қорғауындағы Республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің тізіміне енген еліміздегі ең ірі филармонияның ғасырдан астам тарихы бар. Өнер ордасына 2014 жылы Үкімет қаулысымен «Астана қаласы әкімдігінің Мемлекеттік академиялық филармониясы» мәртебесі берілді. Бас қаланың ширек ғасырлық тарихын жасауда да орны бөлек, мәдени ұжымның биылғы жұмыстары мен алдағы жоспары туралы филармония директоры, Астана қаласы мәслихатының депутаты Ерлан ДАКЕНОВПЕН сұхбат құрған едік.



Шанхай, Анкара, Сеул, Куала-Лумпур, София, Люксембург сынды әлемнің әйгілі қалаларына гастрольдік сапарлар ұйымдастырылды. 2023 жылы сахна шымылдығын Еркеғали Рахмадиевтің шығармашылығына негізделген «Таң самалы» атты концертімен аштық.

Одан бөлек, 9 ақпан ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың

туған күніне арналған «Есіңе мені алғайсың» концерті, Мұқан Төлебаевтың 110 жылдығына арналған «Мұқанның мәңгілік мұрасы» концерті, Амангелді Имановтың 150 жылдығына арналған «Дала дауылпазы», Құрманғазының шығармашылығына арналған «Күй атасы – Құрманғазы» концерттері өткізілді. Мамыр айында Айгүл Қосано-

ваның «Айнакөз» концерті, Мемлекеттік Рәміздер күніне орай Қазақстан мен Татарстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржамал Үсенбаеваның «Еліме тағзым», ҚР еңбек сіңірген қайраткері Ұлықпан Жолдасовтың «Ақ қанат – ақ құсым» концертін ұсындық. Жеке өнерпаздарымыз Қырғызстан, Өзбекстан және

т.б. елдерде өткен байқаулардан жүлделі орындармен оралды. Жақында ғана Талдықорған қаласында өткен «Жетісу сазы» республикалық фольклорлы-этнографиялық ансамбльдер арасындағы байқау-фестиваліне «Қорқыт» этно-ансамблі қатысып, бас жүлдені жеңіп алды. Ел ішінде Атырау, Қостанай, Павлодар, Петропавл, Қарағанды және басқа да облыстарға бардық. Бізді өзге облыстардағы өнер ұжымдары да құттықтап келіп, филармония ғимаратында концерттер қойды.

Қала күніне арналған ауқымды іс-шаралардың бірі Астананың 25 жылдығын мерекелеу аясында «Filarmonia Fest – 2023» фестивалін өткіздік. Маңызды іс-шара қоғамда мерекелік атмосфера мен жағымды көңіл-күй қалыптастыруға, филармонияның шығармашылық ұжымдарының туындыларын танымал етіп, жеке брендті қалыптастыруға, өскелең ұрпақтың адамгершілік қасиеттері мен өнерсүйгіштік қырын қалыптастыруға бағытталды. Фестивальдің ауқымдылығы сонша оған 500-ден астам өнер адамдары қатысты. Жалпы филармония ұжымдары концерттерден бөлек, түрлі алаңдарда қайырымдылық шараларын өткізумен айналысып келеді. Сондай-ақ мектептер мен университеттер, ауруханаларда, әлеуметтік мекемелерде, қаладағы қоғамдық кеңістіктерде концерттер ұйымдастырады.

– Шетелдерге концерттермен барғанда олардың біздің мәдениетіміз бен өнерімізге деген қызығушылығы қандай деңгейде екенін байқайсыз?

– Өте жоғары деңгейде. Әсіресе, ұлттық киімдеріміз мен аспаптарымызға, әніміз бен күйіміз және биімізге ерекше таңданыспен қызыға қарайтын байқап жүрміз. Әлемді бәріне таныс классикалық немесе заманауи өнермен емес, бірінші кезекте ұлттық өнерімізбен таңқалдыра алатынымыз қазір таңсық дүние болмай қалды деп ойлаймын.

– Тарихи жәдігерлер қатарындағы байырғы өнер ордасы, ондағы ұжымдардың елорда мен еліміздің мәдениеті мен өнерін көтерудегі ұшан-теңіз еңбегі жайлы кітаптар, деректі фильмдер шығару жоспарда бар ма?

– Иә, ол – басты жоспарда тұрған шаруа. Бүгінгі таңда филармонияның құрылған күнінен бастап қазірге дейінгі тарихы жайлы деректер мен фотосуреттер, естеліктер жинақталған кітап жазылууда.

– Алдағы жылға қандай жоспар бар?

– Жалпы жылдағыдай жоспарлы жұмыстар жалғасын таба береді. Соның ішінде ең ауқымдысы Дүниежүзілік көшпенділер ойындары болғалы тұр. Бұл іс-шараның жоғары деңгейде өтуіне біз де атсалысамыз. 2024 жылдың қыркүйек айында өтетін 5-Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына 100-ден астам мемлекеттен 4000-ға жуық спортшы қатысады деп күтіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен өткізілгені отырған іс-шара әлем жұртшылығына көшпенділердің даналығы мен дәстүрін, мәдениеті мен өнерін паш ететін халықаралық деңгейдегі айтулы мереке болады. Қазірдің өзінде оған 73 мемлекеттің өкілдері қатысуға ниет білдірді. Көшпенділер ойындары кезінде Астанаға 100 мыңнан астам турист келеді. Одан бөлек, қала әкімдігінің қолдауымен көптен жаңартылмаған әртістердің костюмдерін жаңалау көзделіп отыр. Бұған дейін музыкалық аспаптар да жаңартылған болатын.

Сұхбаттасқан Райхан РАХМЕТОВА

## КӨРМЕДЕ – «ШАҢАР ШЕЖІРЕСІ»

Елордада «Шаңар шежіресі» атты көрме өтті. «Хан шатыр» ойын-сауық орталығында өткен іс-шара Тәуелсіздік күні мен Астана қаласының 25 жылдығына арналды. Көрмеге қалалық мемлекеттік архивте сақталған елорда тарихы туралы құжаттар мен фотосуреттер қойылды.



Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

– Еліміздің қай қаласын алсақ та, киелі жерлері тарихқа тұнып

тұр. Түркістан десек есімізге Қожа-Ахмет Ясауи, Ақтау десек Бекет ата, Алматы десек Есіктегі Алтын адам еске түседі. Ал Астананы айтқанда, осы жерде өткен Абылай мен Кенесары

бірден ойымызға орала кетеді. Бұл маңда XIX ғасырда диірмен тұрған. Осы топырақта Қажымұқан, Балуан Шолақтардың атағы асқақтаған. Кешегі Рақымжан Қошқарбаев, Талғат Бигелдинов, Сағадат Нұрмағамбетовтердің есімдері арқаның жерімен біте байланысып жатыр. Қазір Астанамыз қалай жарқырап тұр? Зәулім ғимараттары қандай, азаматтары қандай? Бай тарихымызды енді жастар жалғастыруы керек. Қаламызда қаншама қазақ мектептері ашылып жатыр. Кезінде соғыстың алдында 5-6 қазақ мектебі болды, тың игеру кезінде жалғыз қазақ мектеп-интернаты қалды. Қазір қаламыз жоғары қарқынмен өсіп жатыр. Бұрын тұрғындардың 70-80 пайызы қазақ болса, тың игеру кезінде 10 пайызға дейін түсіп қалды. Бүгінде бас қаламыздағы жергілікті ұлттың үлесі 90 пайызға жетті. Қала тұрғындары 200 мыңнан бастап 1,5 млн өсті, – деді көрменің ашылуында сөз сөйлеген Марат Әбсәметов.



Василий КРАСЬ

Жиналған көпшілік алдында сөз сөйлеген ғалым, сондай-ақ 25 жыл бұрын қазақ астанасының көшін бастап келген Тұңғыш Президент бастамасы туралы да айтып, қазақстандықтарды Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

– Біздің тәуелсіздігіміз оңай келген жоқ. Халқымыз XVII-XVIII ғасырлардан бастап, тіпті XX ғасырдың өзінде де бірталай қиын-қыстау кезеңдерді бастан кештік. Мысалы, Теміртау, Целиноград, Желтоқсан оқиғасын айтуға болады. Қазіргі кезде жастар, өкінішке қарай, Тәуелсіздік күнін демалыс күні ретінде ғана есептеп, тарихына үңіле бермейді. Сондықтан мұндай көрмелерді масштабты түрде

жіті өткізуге тиіспіз. Соның арқасында жастардың патриоттық рухы оянады деп ойлаймын, – деді Еуразия ұлттық университетінің тарихшы магистранты Рамазан Мадияр.

«Хан шатыр» ойын-сауық орталығындағы осындай маңызы бар көрме 3 күн бойы қала тұрғындарына есігін айқара ашпақ. Оларды архив қызметшілері көрмеге қойылған құнды деректермен таныстыратын болады.

Қалалық архив басшысының орынбасары Төлеуғали Қышқашбаев, басқа да тарихшы ғалымдар, қала тұрғындары көрменің ашылуына қатысты.



Индра  
БЕРЖАНОВА

Интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. WhatsApp желісіндегі алаяқтық, онлайн дүкендердің қитұрқылығы, түрлі блогерлердің «пайдалы» курстары секілді әлеуметтік желілердегі алаяқтықтың түрлі схемалары «Alayaq.net» интернет-порталында нақты көрсетіліп, көпшілікті алдандың алдын алуға әрі қаржылық сауатын арттыруға шақырады. Республикалық жастар қозғалысы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылды.

– Онлайн порталда адамдар алаяқтық схемаларға түспеуі үшін барлық қажетті деректер орналастырылған. Мысалы, «Алаяқты қалай тез білуге болады?», «Алаяқтар қалай алдайды?», «Алаяқтықтың расталған фактілерінің тізімі» тақырыптары бойынша қолжетімді ақпарат алуға болады. Сондай-ақ белгілі бір инфлюенсердің қара тізімде бар-жоғын тексеру мүмкіндігі де қарастырылған. Ең бастысы, біздің порталдың көмегімен азаматтар интернеттегі алаяқтық фактілері туралы хабарлай алады. «Алаяқтықпен бетпе-бет келдіңіз бе?» бөліміне өтіп, өзіңіздің оқиғанызды хабарлауға мүмкіндік бар. Одан бөлек, ғаламтордағы өккі ұрылдардың айланы жүзеге аспауы үшін олардың қалыптасқан әрекеттерінің үлгісі жинақталып, жобаның әлеуметтік желілерінде еріктілердің қатысуымен бейнежазбаларда жарияланады. Жастар азаматтарға заң тұрғысынан кеңес беріп, түрлі алаяқтық әдістерді қалай тез анықтауға болатыны жайлы егжейлі-тегжейлі түсіндіреді. Қазіргі уақытта біз 10 күндік тренингті бастадық, онда ақпараттық бейнероликтер мен подкасттар арқылы адамдарға түсінікті және қолжетімді түрде ақпарат жеткізіледі. Оған тек 500-дей адам қызығушылық танытады деп ойладық, бірақ бүгінде 4000-ға жуық адам тіркелді. Дені – жастар, – деді жобаның іске асырушысы әрі



## ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚПЕН ЖАСТАР ҚАЛАЙ КҮРЕСЕДІ?

Цифрландырудың жаңашылдығы өмірімізді жарқын еткенімен, интернет-алаяқтықтың қанат жаюына да түрткі болып отырғанын мойындауымыз керек. Себебі әлеуметтік желілерде алаяқтарға алдандық азаматтардың мұң-зары толып тұр. Осындайда зейнеткерлер былай тұрсын, «құқықтық сауатым жақсы» деген тұрғындардың өзіне алаяқтың қақпанына түспеуіне белсенді жастар көмектеседі. «Alayaq.net» жастар қозғалысы киберқылмыскерлердің түрлі айла-шарғы жолдарын әшкерелеп, 100-ге жуық жастың басын қосқан.



Тек Астананың өзінде жыл басынан бері 5 мыңнан астам адам қаржы пирамидаларының құрбаны атанды. Ендігі кезекте жастармен, «Alayaq.net» қозғалысының еріктілерімен бірлесіп, роликтер, подкасттар түсіруді, кең аудиторияға алаяқтардың құрығына түсу қаупі туралы ақпарат беруді, өз жұмысымыздың нәтижелері, қаржы пирамидасының белгілері туралы айтуды, жұмысымызға блогерлерді тартуды жоспарлап отыр

«Медицина Жастары» РҚБ төрағасы Абылайхан Әбдіраш.

Ал жоба жетекшісі Нұрсұлтан Орынбеков тез байысам, ақша тапсам деген қызығушылық бар жерде алаяқтар да болады. Сондықтан әркімге қаражатты аударғанда ойланған жөн.

– «Alayaq.net» сайтында түрлі мақалалар бар, бірақ ондағы ең басты қосымша – «қара тізім». Оған адамдар интернет-алаяқтық белгілері байқалған қызмет көрсетушілерді тіркей алады. Мысалы, сізге белгісіз нөмірден қоңырау шалып, әлдебір жеке деректеріңізді енгізуді сұраса және бұл сізге күмәнді көрінсе, ол туралы бізге хабарлай аласыз.

Бірақ мұнымен ол алаяқ деп танылмайды. Бұлай деуге ешкімнің де құқы жоқ. Ал өзінің «қара тізімге» енгенін білген адам өзінің дұрыстығын дәлелдесе, оның деректері тізімнен алынып тасталады. Жалпы, бір айта кетерлігі, біздің мақсатымыз – алаяқтарды әшкерелеу, ұста емес, олардың үлгі, жүйесін көпке жариялау, түсіндіру. Сол арқылы азаматтардың өздерін-өздері солардың құрбаны болудан сақтау, – деді спикер.

Жақында Астана қаласындағы Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының алаңында аталмыш қозғалысы негіз болып, интернеттегі алаяқтық схемалар-

дың алдын алу бойынша ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Оған Қаржылық мониторинг агенттігінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеу-тексеру департаменті мен «Медицина Жастары» РҚБ өкілдері қатысты.

– Бұл меморандумның бекітілуі – халықтың қаржы пирамидасы мәселесін түпкілікті жоймаса да, оның деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді деп үміттенеміз. Тек Астананың өзінде жыл басынан бері 5 мыңнан астам адам қаржы пирамидаларының құрбаны атанды. Ендігі кезекте жастармен, «Alayaq.net» қозғалысының

Қазір мессенджер арқылы әртүрлі хаттар жиі келеді. Өзін Бангкок азаматы ретінде таныстырған Виктор Ли сондай хаттың бірін жолдады. Енді хабарының мәтінін талдайтын болсақ, кез келген адамды елітіп, еріксіз айтқанын орындауға итермелейді.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

– Сізбен байланысуға мәжбүр болдым. Commerce International Merchant Bank Bangkok Thailand (CIMB) банкінің қызметкерімін. Бангкок қаласында алтын бизнесімен айналысқан марқұм Гентьян Байгенже есімді азамат 2009 жылдың 26 сәуірінде 12 миллион доллар депозитке ие болды. Өкінішке қарай, Гентьян COVID-19 вирусынан қайтыс болды. Нақтысын айтқандай, 2020 жылы 17 наурызда Германияның Берлин қаласында іссапар кезінде қайтыс болды. Гентьян мырза бірде-бір Next of Kin/Heir туралы айтқан жоқ және шот ашылған кезде туыстары табылмады, ол үйленбеген және балалары да

## «ҚУЛАРДЫҢ» ҚҰРЫҒЫ ҰЗЫН

болмаған, – деп ойын ширатып, шарықтатта түседі.

Әрі қарай құрығын ілмекті ойластырып, өз ұсынысын жазады:

– Банк басшылығы Гентьянның қайтыс болғаны туралы әлі білмейді. Оның шотына жауапты болғандықтан, менің хабарым ғана бар. Енді сізді шоттың жақын туысы/мұрагері ретінде тану үшін бірлесе жұмыс істеуді сұраймын. Сізге біздің банктің маманы есеп шот береді. Қаржыны 50 пайыздан тең бөлеміз. Құрметпен, Виктор

Ли мырза. Электрондық пошта: leevictor558@gmail.com, – деп шарттарын ұсынып, электронды мекенжайын көрсетеді.

Іші-бауырына кіріп, тегін ақша береміз деп тұрған банк қызметкеріне сенесіз бе, сенбейсіз бе? Көп адам алаяқтықтың осы схемасына алданып, жер шұқып қалады. Себебі хаттың мәтіні мұнымен бітпейді. Өзін банк қызметкері ретінде таныстырған екінші адам: «Сізбен бірлесе жұмыс істегеніміз үшін қуаныштымыз. Бізге екінші деңгейлі банктің есеп шотын жіберіңіз.

Операция кезінде код келеді. Кодты жіберуіңізді сұраймыз» деп хабарлама жібереді.

Мессенджермен хат жолдаған адамдар мұнымен шектелмейді. Өзін Айгерім Медетбекова деп таныстырған адам: «Сіздің профилиңізді жаңа ғана көрдім және сіз маған сәйкес болуыңыз мүмкін деп ойладым. Аустрияда тұрамын. Бауыр ісігімен ауырамын. Дәрігер аз өмір сүретіңізді ескертті. Күйеуімнен 4 жыл бұрын айырылдым. Иелігімде жылжымайтын мүлік компаниясы бар. Банк шотымда 550 000 еуро тұр. Бұл қаржыны игілікке жұмсайтын лайықты және адал адамға бергім келеді. Өлмес бұрын қаржыны адал адамға садақа бергім келеді. Маған сенуіңізді сұраймын, байлығымды бергім келеді» деп хабарлама жіберіпті.

Бұл не деген батпан құйрық, айдалада жатқан құйрық?! Осындай оңай жолмен келетін қаржыға сеніп, өзінің құпия кодын, алданып жатқан адамдар аз емес. Бұл туралы Полиция департаментінің Ерекше маңызды істер бойынша аға анықтаушы, полиция капитаны Бауыржан Рыстиннен сұрадық.

– Алаяқтың құрығы ұзын. Олар тез және оңай ақшаға уәде береді. Қазір адамдар әлеумет-

тік желі арқылы көп алданады. Сондықтан әлеуметтік желіде ақпараттық-түсіндіру жұмысын қолға алдық. «Instagram» (police\_astana), хаус чаттар (WhatsApp) арқылы алаяқтық және қаржылық пирамиданың негізгі ерекшелігін түсіндіретін материалдар орналастырып, жариялаудамыз, – деді Полиция департаментінің өкілі.

Дереккөздерінде қазақстандықтардың 15 пайызы әлеуметтік желіде алданады. Ал Identity Theft Resource Center (ITRC) мәліметінше, 2019 жылы әлемнің бірнеше елінде 1579 дерек бұзылып, шамамен 179 миллион жазбаға әсер етті. Бір күнтізбелік жылда деректердің бұзылуы 44 пайызға артты. Нәтижесінде 147,9 миллионға жуық адам алаяқтардың құрбаны болды.

2016 жылы атышулы оқиға тіркелді. Алаяқ әлеуметтік желі арқылы адамдардың сеніміне кіріп, миллионға жуық адамның дерегін ұрлап, өз ойын жүзеге асырды.

2023 жылдың шілдесінде жаңа әлеуметтік желі Threads іске қосылды. Алаяқтар жеке және төлем туралы ақпаратты жинау үшін Threads әлеуметтік желісіне адамдардың қызығушылығын пайдалана бастады. Алаяқтық жаңа әлеуметтік желіге тірке-

еріктерімен бірлесіп, роликтер, подкасттар түсіруді, кең аудиторияға алаяқтардың құрығына түсу қаупі туралы ақпарат беруді, өз жұмысымыздың нәтижелері, қаржы пирамидасының белгілері туралы айтуды, жұмысымызға блогерлерді тартуды жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті басшысының орынбасары Жаслан Аманбеков.

Ал Астана қаласының Полиция департаменті интернет-алаяқтық бойынша өткен 10 айда қала аумағында 4129 қылмысты анықтап, оның 720-сы ашқан еді. Елордалық Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасының киберқылмысқа қарсы күрес бөлімі бастығы Олжас Майтканов қылмыстың бұл түрі бірден ашыла салмайды дейді.

«Интернет қолданушылардың қай-қайсы да алаяқтардың арбауына түсіп қалуға бейім. Көбіміз желінің арғы жағындағы сатушының шын айтып тұрғанына, тауардың барына, сапасының дұрыс екеніне көзіміз жетпей жатып, алдын ала ақша аударамыз. Жастар жағы интернет-саудада ақшасынан қағылып жатса, тұрғындардың қаржылық сауаты аз тобы банк қызметкерлерінің атын жамылып, қоңырау шалған құларға алданып жатады.

Алдымен, банктердің қауіпсіздік қызметі немесе құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің атынан жасалатын қоңырауларға мұқият болу керек. Әңгімелесу барысында зиянкестер банктік шоттарды пайдалана отырып, қоңырау шалған адамға несие рәсімделгені туралы хабарлауы мүмкін. Бұл жағдайда әңгімені үзіп, бұл туралы полицияға хабарлау қажет. Қандай да бір күмәнді қосымшаларды орнатудан сақтану керек, әсіресе құрылғыларды қашықтан басқаруға арналған қосымшалардан аулақ болған жөн (AnyDesk, RustDesk, TeamViewer және т.б.) Екіншіден, әлеуметтік желілер мен интернет-платформаларда тауарлар мен қызметтерді сату. Әдетте, бұл автомобильдер, тұрмыстық техника, жиһаз, киімдер, аксессуарлар, тұтыну тауарлары, тамақ өнімдері және т.б. Зиянкестердің мақсаты – пайда табу. Олар кез келген жолмен ақша қаражатын алдын ала төлем ретінде аударуды сұрайды. Егер сіз өнімді өз көзіңізбен көрмегеніз, мұндай сатып алулардан бас тартқан дұрыс» деді спикер.



# ҚЫРАҒЫЛЫҚ АСА ҚАЖЕТ

Қазіргі уақытта маркетплейстерде сауда-саттық жасау күнделікті іске айналды. Онлайн-шопингтің мұндай түрі ұнатқан затыңызды кез келген уақытта қиналмай сатып алуға мүмкіндік береді. Алайда бұл жерде де қырағылық аса қажет, себебі алаяқтардың құрығына түсіп қалуыңыз әбден мүмкін.

Маркетплейстердегі алаяқтықтың кең тараған бес тәсілін және олардан қалай сақтану жолдарын Fingramota.kz-пен берге қарастырып көрелік.

Маркетплейс «online marketplace, online e-commerce marketplace» деген ағылшын сөздерінен шыққан және электрондық, виртуалды сауда алаңы деп аударылады. Басқа сөзбен айтқанда, маркетплейс – бұл үшінші адамдардың өнімі немесе көрсететін қызметтері жөнінде ақпарат ұсынатын электрондық коммерция алаңы, электрондық сауда-саттықтың интернет-дүкені. Тұтастай алғанда, маркетплейс өнімдер мен қызметтер ұсыну бойынша оңтайландырылған онлайн-алаңды (интернет-сайтты) білдіреді.

## № 1 СХЕМА. ЖАЛҒАН СІЛТЕМЕ БОЙЫНША ҮЛКЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР

Мерекелер қарсаңында немесе үлкен жаппай сатылымдар кезінде алаяқтар электрондық пошта арқылы маркетплейстерді пайдаланушыларға бұрын-соңды болмаған жеңілдіктер жөнінде қызықтыратын ұсыныстар жібереді. Және де бұл хабарламаларда ресми дүкеннің жалған ұқсас-сайтына апаратын сілтеме болады, онда сізге нысанды толтыруды сұрайды, оны толтырған жағдайда алаяқтар сіздің картаңыздағы ақшаны иемденіп кетеді.

Кеңес: күмәнді, тым жоғары жеңілдіктерге сенбеңіз және ашатын сайттарды әрқашан тексеріңіз, деректеріңізді көрсетуге асықпаңыз. Электрондық поштаңызға келіп түскен барлық ақпаратты маркетплейстің ресми қосымшасында тексеріңіз.

## № 2 СХЕМА. ЖАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Алаяқтар әлеуметтік желілер дамыған заманда көңілі толмаған сатып алушылардың дәл сол жерде жағымсыз пікір жазатынын пайдаланып қалады. Мынадай жағдайды елестетіңіз: техникалық ақауларға байланысты маркетплейс тауар үшін сіздің шотыңыздан артық ақ-

шаны есептен шығарады делік. Сіз маркетплейстің әлеуметтік желілердегі парақшасын тауып алып, пікіріңізді қалдырасыз. Сізге техникалық қолдау бөлімінің қызметкері деп таныстырған адам хабарласып, жағдайды жылдам реттеуге ұсыныс жасайды. Бірақ ол үшін сіз арнайы сілтемеге өтіп, картаңыздың деректерін енгізуіңіз қажет. Бұл орайда олар ақшаңызды өтемақысымен қайтаруға уәде етеді. Егер сіз келіссеңіз, ақшаңыздан ғана емес, шотыңызда қалған қаражатыңыздан да айырыласыз.

Кеңес: жағымсыз пікіріңізді ресми қосымшадағы арнайы нысан бойынша ғана қалдырыңыз не тікелей колл-орталыққа хабарласыңыз. Әлеуметтік желілерге сенбеңіз, алаяқтардың арбауына түсу қаупі тым жоғары.

## № 3 СХЕМА. АККАУНТТЫ ҰРЛАУ

Алаяқтардың байланыстырылған карта арқылы зат сатып алу үшін маркетплейс пайдаланушыларының есептік жазбаларын ұрлауы жиі кездеседі. Сонымен қатар, сатып алу, әдетте, қосымша растауды қажет етпейтін белгілі бір сомандан аспайды.

Кеңес: маркетплейсте құпиясөзді үнемі өзгертіп отырыңыз, ең дұрысы – онлайн сатып алуға азғантай лимит белгілеп қойыңыз және тек сатып алу кезінде ғана кіріңіз. Интернет-сатып алуға арналған шамалы ғана сомасы бар жеке карта ашып қойсаңыз тиіптен жақсы. Егер алаяқтар сіздің аккаунтыңызды бұзған болса, техникалық қолдауға жүгініңіз және тапсырыстың күшін жойып, тауардан бас тартқаныңыз үшін ақы төлеуге мәжбүр болмас үшін жағдайды түсіндіріп айтыңыз. Егер сіздің өтінішіңіз аяқсыз қалса, құқық қорғау органдарына хабарласыңыз.

## 4-СХЕМА. ҚОСЫМША ТАБЫС

Маркетплейстердің танымалдылығын ескере отырып, адамдар онда жұмыс істеуден күдіктенбейді. Алайда егер ұсыныс сізге ресми веб-сайттан немесе жұмыс іздеу бағдарла-

масынан емес, мессенджердегі хабарлама арқылы келсе, сақ болу керек. Әсіресе, егер бос жұмыс орны бойынша біліктілік талаптары көрсетілмесе және жұмыс туралы нақты ақпарат берілмесе, мұқият болыңыз. Әдетте, алаяқтар жақсы ақша төлеуге уәде берген жұмысты ұсынғаннан кейін «депозит» салуды және жалған веб-сайтқа кіруді сұрайды. Алаяқтар ақшаны салғаннан кейін сіз салынған ақшадан 30-дан 70%-ға дейін кіріс аласыз – сома неғұрлым көп болса, пайыз да соғұрлым көп болады деп сендіреді. Алаяқтарға сеніп, деректеріңізді берген жағдайда, оларға сол деректерді енгізу арқылы ақшаңызды алуға жол ашылады.

Кеңес: Жұмыс тәжірибеңіз болмаса да жалақысы көп жұмысқа орналастырам деген уәделерге сенбеңіздер және жұмыс берушіге әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы байланысқа шықпаңыз. Сізге ұсынып отырған бос жұмыс орнының толық сипаттамасын талап етіңіз, дұрысы бос жұмыс орны жарияланған ресми қосымшалар мен жұмыс іздеуге арналған сайттардың сілтемесін сұратыңыз. Ең бастысы, тіркелу немесе сақтандыру қызметі үшін төлем жібермеңіз, жұмыс істеп тұрған, бұрыннан белгілі жұмыс берушілер мұндай әрекетке бармайды.

## 5-СХЕМА. ЖАҚСЫ ЖАЗЫЛҒАН ПІКІРЛЕРДІҢ КӨМЕГІМЕН ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ

Тауарды сатып алу алдында маркетплейс пайдаланушылары сатып алынатын тауар бойынша пікірлерді оқи отырып та алаяқтардың құрбаны болуы мүмкін. Мысалы, тауарға теріс бағалау бергеннен кейін аферистер «дәл осындай тауарды арзан бағамен таптым, сапасы өлте жоғары» деп жазып, астына сілтеме қалдыруы мүмкін. Егер сіз осыған сеніп, бағасы төмен, сапасы жоғары тауар алам деп тапсырыс берсеңіз, тауарды да ала алмай, ақшаңыздан да айырылып қалуыңыз мүмкін.

Кеңес: маркетплейстер күдікті пайдаланушылардың пікірлерін алып тастауға үлгермей жатады, сондықтан тауарды арзан бағамен алу туралы пікір қалдырған авторларға сенбеңіздер. Тауарды әрқашан да тексерілген сайттардан алуға тырысыңыздар, болмаса алаяқтықтардың құрбаны боласыздар. Алаяқтардың арбауына түспеңіздер! Жақындарыңызға осындай алаяқтық әдістері туралы көбірек айтыңыздар!



Алаяқтар заманауи IT-технологиялар мен психологиялық әдістерді қолдана отырып, азаматтарды алдаудың жаңа тәсілдерін ойлап табуда. Fingramota.kz сайтынан алынған бұл материалда 2023 жылы ең көп таралған алаяқтық схемалары туралы әңгімелейміз.

# САН АЛУАН ӘДІСІ БАР

## АҚША ЖІБЕРУДІ СҰРАУ

Соңғы алты айда елде фишингтік шабуылдар жиілеп кетті. Алаяқтар WhatsApp мессенджерін пайдаланушының шотына зиянды сілтеме арқылы қол жеткізеді және пайдаланушының барлық контактілеріне ақша жіберуді өтініп, мысалы, қаржылық бағалаушының қиын екенін сылтауратып хабарлама жібереді. Алаяқтар қаражатты, әрине, шоттарға аударуды сұрайды. Сондай-ақ күмәнді сілтемені алаяқтар конкурста немесе дауыс беруге қатысу ретінде жасыра алады.

## ЕМТИХАН ТАПСЫРУСЫЗ ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІНЕ ИЕ БОЛУ

Ағымдағы жылы алаяқтар емтихан тапсырмай-ақ жүргізуші куәлігін алу туралы ұсыныспен әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде хабарландыруларды белсенді түрде орналастыра бастады. Бұл ұсынысқа сенген азаматтар барлық талаптарды бірден орындай бастайды: құжат алу үшін ақшаны және жеке деректерін жіберді. Бірақ ақшаны алғаннан кейін алаяқтар телефондарын өшіреді және әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі хабарламаларға жауап бермейді. Жүргізуші куәлігін емтихан тапсырғаннан кейін ғана алуға болатындығын әрдайым есте ұстаған жөн.

## ҚАЙЫРМДЫЛЫҚТЫ ЖЕЛЕУ ЕТЕ ОТЫРЫП ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ

Соңғы уақытта қайырымдылық қызметі өте өзекті болды, өйткені атақты адамдар мен блогерлер қайырым-

дылықпен айналыса бастады. Олар ақша жинау науқандарын ашады, түрлі акцияларға қатысады, қажетті ақшаны жинау үшін тікелей эфирге шығады. Атақты адамдардың шотына зиянды сілтеме арқылы назарынан тыс қалған жоқ. Олар балалардың интернет-пайдаланады, оларға жалған өмірбаяндар жасайды, қолданыстағы барларымен араласып кетпеу үшін жаңадан қор құрады. Кейбіреулері тіпті салмақты көріну үшін, қорықпастан жұмыс істеп жатқан қорларды көрсетіп қояды. Сондай-ақ алаяқтар қордан баланың суреті мен тарихын көшіре алады, бірақ астына өз деректемелерін қояды. Егер адамдар алдымен оның тарихымен танысып, тексеріп алған күннің өзінде, оның деректемелерін назардан тыс қалдыруы мүмкін, нәтижесінде ақша алаяқтарға кетеді.

Алаяқтарға қарсы іс-қимыл бойынша практикалық кеңестер:

1. Әдетте қарапайым болып көрінетін және ең маңызды бірінші қағида – қандай уәде берсе де, жеке деректеріңіз бен ақшаңызды бөгде адамдарға бермеңіз.

2. Алаяқтық туралы жаңалықтар топтамасына салғырт қарамаңыз: неғұрлым көп нәрсе білсеңіз, алаяқтардың қармағына түсу тәуекелі соңшалықты төмен болады.

3. Әдетте балаларға дауыс беру, ұтыстар ойнату, викториналар және т.с.с. атын жамылатын күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіз. Ол жерге ешқашан жеке деректеріңізді енгізбеңіз.

4. Өзіңіздің WhatsApp-аккаунтыңызға байланыстырылған құрылғыны тексеруді әдетке айналдырыңыз. Егер таныс емес құрылғыны

көрсеніз оны бірден ажыратыңыз. Бұл үшін мына алгоритмді орындау қажет: WhatsApp-та жоғарғы оң бұрыштағы үш нүктені басыңыз және «Байланыстырылған құрылғыларды» басыңыз. Сізге тиесілі емес байланыстырылған құрылғыны көрісімен «Шығуды» басып, одан шығып кетіңіз.


5. Заңды айналып өтіп, бірдеңе жасап береміз деген уәделерге сенбеңіз. Мысалы, жүргізуші куәлігін мамандандырылған ХҚКО-да ғана және емтихандардан сәтті өткеннен кейін ғана алуға болады. Оларды жеке тұлғалар немесе компаниялар емес, уәкілетті орган ғана береді.

6. Қандай да бір құжатты ресімдеуді шеше отырып, оларды мемлекеттік органдардың ресми аккаунттарынан алу тетігін мұқият зертделіңіз, сол кезде алаяқтар сізді алдай алмайды.

7. Әлеуметтік желілерде баланы емдеуге ақша жинау туралы хабарламаны көрсеніз, ілеспе құжаттарын мұқият зертделіңіз. Егер нақты қор көрсетілсе, оның сайтына кіріп, бала олардың базасында расымен де бар-жоғын тексеріңіз. Сондай-ақ балалардың суреттерін браузерлер арқылы тексеріңіз, алаяқтар суретті жай ғана ұрлап салулары да ықтимал.

8. Қайырымдылыққа жеке нөмір бойынша ақша аудармауға тырысыңыз, деректемелерін сұрап, оларды тексеріңіз. Балалардың ата-анасы немесе жануарларға арналған панажай иелері ақшаны неғұрлым жылдам жинау үшін расымен өз нөмірлерін қоса берулері ықтимал, алайда мұндай жағдайда ақпаратты мұқият тексеріңіз.

Өзіңізге және ақшаңызға сақ болыңыз!







Елордада әлемдік додаларда жеңіс тұғырынан көрініп, көк байрақты желбіретіп, ел абыройын асқақтатып жүрген танымал спортшылар туралы кітап жарық көрді. «Чемпиондыққа жетелеген арман» атты туынды отандық чемпиондар өмірін арқау етіп, жас спортшыларға шабыттандыратын әңгімелер жинағы ретінде таныстырылды.

## ТУЫНДЫ АРҚАУЫ – СПОРТШЫЛАР АРМАНЫ

Индира  
БЕРЖАНОВА

Екі тілде оқырманға ұсынған туынды авторы – жас жазушы Үнзила Мыңбай. Балаларды спортқа шабыттандыратын жинаққа өз бағыттарында көшбасшы саналатын 17 спортшының естелігі енгізілді. Кітап өзегіне еліміздің мақтаншына айналған қазақстандық чемпиондар – Бекзат Саттарханов, Денис Тен, Елдос Сметов, Ольга Рыпакова, Абзал Әжіғалиев, Бахтиер Зайнутдинов, Мақсұт Жұмаев, Софья Берульцева, Дмитрий Баландин, Зульфия Габидуллина, Талғат Жайлауов сынды кейіпкерлердің балалық шағы, спорттағы жолы жайлы тың ақпарат беріледі. Шынайы болған оқиғалар, спортшылардың басынан өткен сан қилы мезеттер, көңіл-күй толқытар сезімдер, тағдыршешті сәттер әсерлі, тартымды баяндалады. Кітаптың басты ерекшелігі – оны дайындауға кейіпкерлердің өздері және олардың ата-аналары қатысқан екен. Туынды дизайнын отандық суретші Марат Көмеков безендірді.

«Әрине, әр адамның өмірінде жығылу, сүріну, құлау және қайта бастау, жалғастыру бар. Бірақ содан шығу үшін ең әуелі ерік-жігер қажет. Күш-қуат тудыратын мінез-құлық бала кезден қалыптасады. Оқу мен білім, еңбек пен тәрбие арқылы келеді. Кездескен қиындықтарға төзіп, кедергілерді жеңген адамды ғана арман алға жетелейді. Кез келген жас өрен ең бірінші өзіне, өзінің мақсат-мұратына адал болса, өскенде әділ мемлекет құруға да ықтиярлы болып, белсене атсалысады. Бүкіл халықтың қамын ойлап, елімізді берекелі бірлікке, шынайы достыққа адал еңбекке шақыратын тұлғаға айналады. Спортшының өмірі тек жеңістер мен жетістіктерден тұрмайды. Әр жеңістің артында өнер көрсету үшін төккен тері, қиыншылығы бары көрерменге беймәлім түрде қала береді.



Олимпиада мен Паралимпиада чемпиондары – өз арманына жеткізілген, қолдан келмейтін нәрсе жоқ екенін жас жеткіншектерге дәлелдеген жандар» дейді Үнзила Дарханқызы.

Жас жазушы алғашқы туындысын жазуға жарты жыл жұмсады дейді. Ал спорт саласының маманы, жоба жетекшісі Жанар Өтешеваның сөзінше, идея негізі – спорт саласында көп жыл жұмыс істеген команданың жеңісі.

«Туындыны шығаруға шығармашылық топта 3 адам жұмыс істеді. Біз өзіміз де спорттан келдік. Бірнеше жыл чемпиондармен бірге жұмыс істедік, әлем чемпионаттарын ұйымдастырдық, Олимпиада ойындарында команданың жанынан табылдық. Сондықтан әрбір жеңіс пен жеңілістің артында қандай ауыр жұмыстың тұрғанын жақсы білеміз. Содан бұл дүниені көпшілікке жеткізсек деген үлкен арман пайда болды. Бұл кітап чемпиондар, жеңімпаздар туралы, жеңіс туралы емес. Бүгін кішкентай арманымыз орындалды деуге болады. Бұл кітап – арманнан бас тартпауға, арманның адастырмайтынына, оның міндетті түрде орындалатынын дәлелдейтін кітап» деді ол.

Болашақ чемпиондарды шабыттандыратын әңгімелерден тұратын кітапты оқып, жетістікке жеткен замандастарымыз өмірінен сабақ, тағылым аламын деушілер үшін туындының әлеуметтік маңызын атап өткен жөн.

«Қазір әлеуметтік желілерде көрші елде түсірілген «Слово пацана» киносериалы туралы әртүрлі деңгейде қызу таластар жүріп жатқандығы жасырын емес. Бұрыннан келе жатқан «тыйым салу» тәсілі бүгінде тым әлжуаз, тиімсіз екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ендеше қоғамдағы «бос кеңістікті» толтыру үшін бәсеке ешқашан толастамақ емес. Сондықтан жасөспірімдерге, жастарға арналған отандық контентті көбейту жөнінде мың ауыз сөзден жүзеге асқан бір жоба көбірек болып тұрған жайы бар. Осы тұрғыдан алғанда, тандалған тақырып бойынша бұл кітап күн құрғатпай арманына арман қосып жүрген бала үшін де, оның тілеуін бергенше тыныш таппайтын ата-ана үшін де ой салатын, есті оқырманға ақыл емес, жөнін айтып, бағыт-бағдар көрсететін, көмекші көркем-әдеби құрал болатыны сөзсіз» деді автор.

## ШЫРША КЕССЕҢ – ШЫРҚЫРАЙСЫҢ

ҚР ІІМ шыршаны заңсыз кескендерге қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді. Табиғатқа елеулі зиян келтіргендер 10 жылға бас бостандығынан айырылуы мүмкін.

Қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз кесудің алдын алу – полицияның жаңа жыл қарсаңындағы міндетінің бірі. Мәселен, 15 желтоқсаннан бастап ІІМ экологиялық құқық бұзушылықтарды анықтауға және жолын кесуге бағытталған «Шырша» акциясын бастады.

Оның барысында табиғатты қорғау полициясының қызметкерлері орман алқаптары бойынша рейд жүргізеді. Оларға орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясының өкілдері де қатысады. Полициялар ағаштар мен бұталарды заңсыз кескені үшін

әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік қарастырылғанын ескертеді. Осы салада табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін 50 АЕК-тен 150 АЕК-ке дейін айыппұл қарастырылған.

«Егер құқыққа қайшы әрекеттермен елеулі залал келтірілсе, онда бұл жағдайда 160 АЕК-тен 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Сондай-ақ егер сіз шыршаларды немесе басқа да қылқан жапырақты ағаштарды заңсыз сатудың немесе тасымалдаудың куәсі болсаңыз, тәртіп сақшылары бұл туралы «102» телефоны арқылы хабарлауды сұрайды» делінген хабарламада.

## ХАРАССМЕНТТЕН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНАМЫЗ?

Харассмент – қазіргі қоғамға енген жаңа сөз. Ұғымның мағынасын ашатын болсақ, харассмент – адамға еркінен тыс қол жүгірту және жыныстық қысым көрсету.

Харассменттің 6 түрі бар:

1. Рұқсатсыз қол тигізу.
2. Адамның ізіне түсу.
3. Вербалды харассмент, яғни орынсыз әзілдермен адамның сырт келбетіне тіл тигізу.
4. Кибер харассмент – ғаламторда психологиялық қысым көрсету немесе бопсалау.
5. Экстибиционизм.
6. Арам пиғылын іске асыру үшін, ақша ұсыну.
7. Жыныстық қысым. Яғни заңды түрде жазаланатын жалғыз харассмент түрі – зорлау.

Аталған 6 тармақтың барлығы біздің қоғамда кездеседі. Бірақ өкінішке қарай, халық мұндай тақырыптарды ашық талқылауға әлі дайын емес. Дегенмен, жалпы харассмент ұғымы Қазақстанда қаншалықты өзекті екеніне үңіліп көрейік. Елімізде күніне қаншама қыз-келіншек физикалық және психологиялық харассментке ұшырайды. Көшеде, қоғамдық көлікте, жұмыста, мектепте, тіпті ғаламторда. Бұдан қашып құтылу мүмкін емес, себебі әрбір қыз баласы осындай жиірекіністі жағдайға тап болуы мүмкін.

Қазақстанда соңғы 4 жылдың ішінде 100-ге жуық жоғарғы деңгейдегі харассмент қылмысы тіркелген. «MediaNet» жүргізілген сауалнама бойынша, қазақстандықтардың 82 пайызы бұл мәселе өзекті және онымен түреру керек деп санайды. Ал әйелдердің 69 пайызы – бұл сексуалды қысым, кейін зорлық-зомбылыққа алып келеді деген пікірде.

Әйелдер қауымының 22 пайызына көшеде бейтаныс ер адамдар сөзбен немесе іс-әрекетпен тиіскен болса, 21 пайызына қоғамдық көлікте рұқсатсыз қол тигізген. Мүлдем айтылмайтын, бірақ көп кездесетін харассмент түрі – экстибиционизм. Бұл – әлеуметтік желілерде жас қыз балаларға порнографиялық суреттер жіберу. Экстибиционизмге ұшырайтын қыздар

қауымы 16 пайызды құрайды. Зорланған немесе жыныстық қысымға куә болған қыздар 7 пайызды құрайды. Бұл – 2021 жылғы статистикалық деректер. Ал 2022 жылғы дерек бойынша, тек кәмелетке толмаған 964 бұлдіршін зорланғанын білеміз. Өткен қоян жылына қатысты деректер әлі жоқ. Ерекше атап айту керек, жоғарыдағы тек ресми деректер.

**Осы тақырып аясында сауатты болу үшін харассментті бастан кешірген бірнеше оқушының оқиғасымен таныс болыңыздар:**

**Аружан, 17 жаста, Астана қаласының тұрғыны:**

«Әдеттегідей қоғамдық көлікке міндім. Ішінде адам көп болса да, кіріп тұра бердім. Біраздан кейін саныма біреудің қолы тиіп кетті. Артыма жалт қарап едім, 40-50 жас шамасындағы қарапайым ер адам тұр екен. Басымда мүлдем арам ой жоқ. «Жай қолы тиіп кеткен шығар» деп тұра бердім. Кейін жамбасымнан біреудің ұстағанын сездім. Дәл осы кезде, ішім біртүрлі болып, жиірекініп кеттім. Артымдағы ер адам маған қатты жақын тұрып алған. Денем сүйкеніп тұр. Кеш болса да артымда тұрған адамның арам пиғылын сездім. Автобустан барынша тез шығып кетуге тырысып, есікке қарай бет алдым. Бұл жағдай маған физикалық зиян келтірген жоқ. Бірақ дәл осы жағдайдан кейін орта жастағы ер адамдарды қабылдауым өзгерді, сонымен қатар адам көп жерлерде ерлермен бірге тұрудан қорқатын болдым».

Ал ғаламтордағы кибер харассмент және экстибиционизмге ұшыраған қарақөздерімізді қалай қорғаймыз? Айтылмаған жағдайлар мен дәлелдер қаншама. Тек ҚР ҚК123-бабында ғана харассменттің деректі түрі туралы айтылған. Ал – жыныстық қатынасқа итермелеу. Әдеттегідей, тек жағдай ұшыққанда ғана біз мәселенің салдарымен күресеміз. Осы жағдайға байланысты Қазақстан азаматшасы ретінде жеке ойымды білдіргім келеді:

Харассмент туралы бөлек заң жобасы дайындалып, қабылдануы керек. Өмірдегі физикалық қол жүгіртуден бастап, ғаламтордағы әдеп нормаларына жатпайтын хаттарға дейін. Әр бап бірнеше бөлімнен тұрсын. Қыздарды зорлағандарға ең ауыр жаза берілсін. Ең бастысы, ешкім жазасыз қалмасын. Қазақ қыздары өздерін қорғайтын заң бар екенін білсін. Қыздарымыздың ар-намысын, өмірін мемлекет қорғамаса, кім қорғайды? Заң қатал болғанда ғана, ер адамдар қауымы ойларына келгенін істеуді қояды деп ойлаймын.

**Медина, 16 жаста, Алматы қаласының тұрғыны:**  
«Дала енді жылыған кез, кешкі 7-8-дер шамасы. Өзім жалғыз үйге қайтып бара жа-



**Ақерке ЗӘРУБАЙ, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың Журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс студенті**

**ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!**

Жекеменшік мектеп «Tamos Space School («Тамос Спейс Скул») ЖШС, БСН 190740007435, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58, сайт: www.fincenter.kz

**АЛҒЫС АЙТАМЫЗ**

Жанұямыздың тірегі, еліміздің зиялы тұлғасы санатындағы азамат, ардақты әкеміз, адал жар, немерелерінің атасы, шөберелерінің ұлы атасы, қарымды қаламгер, Ұлттық қауіпсіздік қызметінің ардагері, запастағы полковник, бауырларына қамқоршы болған Амантай Ғазизұлы Кәкеннің қайтыс болуына байланысты қайғымызға ортақтасып, жерлеуді ұйымдастыруға атсалысқан ағайын-туыс, көршілерге, әріптес жора-жолдастарына, астаналық қаламгерлерге, «Астана ақшамы» газетінің ұжымына осы республикалық қоғамдық-саяси басылым арқылы зор алғысымызды білдіріп, рахмет айтамыз.

**Құрметпен, Амантай Кәкеннің отбасы мүшелері**

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы «Есіл» жалпы білім беретін жеке меншік орта мектебі болып табылады. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефоны: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

«Астана ақшамы» газетінің редакциясы тұрақты авторымыз белгілі қаламгер Сүлеймен Мәметке күйеу баласы

**Әбенбаев Руслан Сейсенбекұлының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 2023 жылдың 21 желтоқсан күні шығады.



№149-150 (4583) 16/12/2023 Сенбі

## ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ҚОЙЫЛЫМ

Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында «Қоштасқым келмейді...» музыкалық драмасының премьерасы өтті. Орыс драматургі Александр Володиннің терең психологизмге құрылған классикалық туындысын қазақшалап, сахналаған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

Қойылымда ерлі-зайыптылардың өмірі және күрделі қарым-қатынасы баяндалады. Бастапқыда көркем фильм ретінде түсіріліп, кейін кино-сценарий пьесаға айналып, көптеген елдердің театр сахнасында көрсетілген. Бұл – көрермендердің көптігі жағынан рекордтық көрсеткішке жеткен туынды.

Спектакльде бір-біріне ұқсамайтын қилы тағдыры бар, әлеуметтік мәртебесі, өмірге көзқарасы сан алуан, түсініспеушілік салдарынан ажырасуға жеткен 8 отбасының өмірі қатар өріледі. Сотқа жүгінген ең жас отбасының құрылғанына бір-ақ ай толған, ең «тәжірибелісі» 20 жыл бір шаңырақ астында тұрған отбасы. Ерлі-зайыптыларды тыңдаған судья олардың некесін бұзуға жол бермеу үшін барын салады. Себебі бірін-бірі кінәлауға, айыптауға, қаралауға дағдыланған ерлі-зайыптылардың өзімшілдігі, менмендігі, тәкаппарлығы бірін-бірі тануға, тыңдауға, түсінуге кедергі жасайды.

Пьесадағы характерлер қақтығысы, бітпейтін конфликтілер әртүрлі мінез-құлық ерекшеліктерін көрсетеді. Әрбір кейіпкер жеке танымын, өз ұстанымын алға тартады. Әр адам – жеке әлем десек те, отбасы деген



ұлы құндылықты құрайтын жеке адамдардың ынтымағы мен ыстық сезімі, шексіз махаббатты екенін түсінесіз. Спектакль қарапайымдылық – күрделі мәселелердің кілті деген философиялық ойға жетелейді.

Спектакльге қатысқан 70 актер сахналық көріністен кейін шығып кетпейді. Сахнада қалып, көрерменге қарсы беттен спектакльді тамашалайды. Бұл – тек өнерсүйер қауымға емес, әртістердің өзіне де ой салу үшін, отбасыларында болып жатқан жағдайды сырттай бақылау үшін қолданылған әдіс. Режиссердің

айтуынша, біздің қоғам үшін мұндай шығармалар аса қажет.

«Науартастан кейін отбасылық құндылықтарды насихаттайтын қойылымдарды көбірек қою керектігін ұқтық. Өйткені кез келген отбасының тағдыры – өз қолында. Жұбайлар бірін-бірі түсінісуі, бірін-бірі аялай білуі керек. Отбасының төрінде салтанат құратын махаббат, мейірім, достық сияқты шынайы сезімдерді осы спектакльге арқау еттік» дейді Асхат Маемиров.

Торғын АМАН

## АЙТМАТОВ ФЕСТИВАЛІНДЕ ТОП ЖАРДЫ

Бішкек қаласында өткен Шыңғыс Айтматовтың 95 жылдық мерейтойына арналған «Айтматов және театр» атты VI халықаралық театр фестиваліне қатысқан астаналық өнер ұжымдары топ жарды.

Шыңғыс Айтматовтың «Жан пида» трагедиясын (қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрқанат Жақыпбай) ұсынған Астана қаласы әкімдігінің «Жастар» театры Гран-приді жеңіп алды. Ал Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры «Боранды бекет» спектаклімен (режиссері – Ұланмырза Қарыпбаев) фестивальдің үлкен жүлдесіне ие болды. Осы спектакльде Едіге бейнесін сомдаған Нартай Сауданбекұлы «Ең үздік ер адам бейнесі» аталымында топ жарды.



Бетті дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ

## САПАРБАЕВТЫҢ ЖҮЛДЕСІН САРАПҚА САЛДЫ

«Зодиак» бильярд клубында мемлекет және қоғам қайраткері Бердібек Сапарбаевты еске алуға арналған бильярдтан турнир өтті.

Іс-шараның өтуіне ұйытқы болған қаламгер Жолтай Жұмат:

– Бердібек Сапарбаев іскер менеджер ретінде мойындалып, әкімдік ресурс және мемлекеттік қызметтің қалыптасып, дамуына еңбек сіңірді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан түрлі деңгейдегі мемлекеттік қызметті абыроймен атқарды. Әсіресе, бес облысты басқарып, халықтың ыстық ықыласына бөленді. Бұл – кез

келген тұлғаның бағына бұйыра бермейтін бақ. Енді қайраткер тұлғаның қабілет-қасиетін жан-жақты насихаттап, тіпті жас мемлекеттік қызметкерлерге әдістемелік құрал ретінде таратуға болады. Бүгінгі турнир сондай бастаманың бірі ғана, – деді.

Тарих ғылымының докторы, профессор Сатыбалды Ділманұлының естелік-әңгімесі әсерлі болды. Қай-

раткердің ұлы Жансұлтан Сапарбаев турнирге арнайы келіп, ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, қатысушыларға сөзтілік тіледі.

Бильярд алаңында шеберлігімен көзге түскен Мұсахан Мырзабаев бірінші орын алып, кубок және ақшалай сыйлыққа ие болды. Жас ойыншы Ринат Тұрсынханұлы да жүлделер қатарынан көрінді.

## НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

16/12  
14:00


«АТАМЕКЕН» СПЕКТАКЛІ

Қуыршақ театры

16/12  
19:00

МӨНГІЛІК ЕЛДАУЫСЫ

Бейбітшілік және келісім сарайы

16/12  
18:00

«БОПАЙ ХАНЫМ» СПЕКТАКЛІ

Қ. Қуанышбаев театры

16/12  
18:00

«АЛАШ ЖОЛЫ» ДРАМАСЫ

Ә. Мәмбетов театры

16/12  
18:00

«АЛИЯ» СПЕКТАКЛІ

М. Горький театры

16-17/12  
17:00


«АЛПАМЫШ» ОПЕРАСЫ

«Астана Опера» театры

17-19/12  
09:00-18:00

«ХАС ШЕБЕР» ФЕСТИВАЛІ

«Жастар» сарайы

17/12  
18:00

ЖОШЫ ХАН

Қ. Қуанышбаев театры